# Сыр бойы

27 қыркүйек жұма | 2013 жыл №144-145 (18643-18644) | Қызылорда облыстық газеті | 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады | www.syrboyi.kz


## ТӨЛ ТАРИХТЫ ВЕБ-ПОРТАЛ НАСИХАТТАЙДЫ

**Сәрсенбі күні Ақордада ҚР Мемлекеттік хатшысы Марат Тәжиннің төрағалығымен Ұлттық тарихты зерделеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының кезекті отырысы өтті**

ҚР Мемлекеттік хатшысы Мемлекет басшысының ғылыми-тарихи қоғамдастықтың алдына ұлттық тарихи жадымызды қайта жаңғырту, ел тарихын әлемдік-тарихи процестің бір бөлігі ретінде терең зерделеу, «ақтаңдақтарды» еңсеру жөнінде ауқымды міндет қойғанын атап өтті. Мемлекет өз тарапынан ғылыми-тарихи қоғамдастықтың толыққанды кешенді қызмет етуі үшін барлық қажетті жағдай жасап отыр.

Ғалымдардың міндеті – Қазақстан тарихын бүкіләлемдік тарихи процестің ажырамас бір бөлігі ретінде көріп, ұғынуға мүмкіндік беретін терең және объективті ғылыми зерттеулер жүргізу.

Отырыста Білім және ғылым министрі А.Сәрінжіпов, Мәдениет және ақпарат министрі М.Құл-Мұхаммед сөз сөйледі. Олар ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік және ақпараттық жұмыстарды жаңғырту мәселелері жөніндегі тапсырмалардың іске асырылу барысы туралы баяндады.

Қазақстан ғалымдарының шетелдік мұрағат орталықтарындағы жұмысының алдын ала нәтижелері туралы Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының бөлім меңгерушісі М.Әбусейітова айтып берді.

Отырыс барысында Орталық Азия дәстүрлі өркениеттерін зерделеу жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу орталығы, «Геоархеология» халықаралық зертханасы, «Дүние жүзі тарихын зерделеу» ғылыми-зерттеу орталығы, Популяциялық генетика зертханасы тәрізді жаңадан құрылған ғылыми-зерттеу құрылымдарының тұсаукесері болып өтті.

Сонымен қатар, отырыста тарих тақырыбына арналған «Mangi el» халықаралық ғылыми-көпшілік журналының сүйінші данасы және «Қазақстан тарихы» жаңа веб-порталы таныстырылды.

Отырыс қорытындысында Ведомствоаралық жұмыс тобының мүшелеріне ұлттық тарихты зерделеу мәселелері жөнінде алға қойылған міндеттерді іске асыруды жалғастыру тапсырылды.

● ҚАБЫЛДАУ

## АҒА ҰРПАҚТЫҢ ӨНЕГЕСІН ҰЛЫҚ ТҰТАМЫЗ



**Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев ардагерлердің республикалық семинар-кеңесіне қатысушыларды қабылдады.**

– Сіздердің өмір жолдарыңыз, атқарған қызметтеріңіз бен жүзеге асырған істеріңіз біз үшін үлгі-өнеге,– деді аймақ басшысы өз сөзінде. – Алдағы істерді атқару барысында біз Сіздердің көмектеріңізге жүгінеміз. Қартая білу де өнер. Сіздерден сәл бұрын ғана Елбасы Сыр өңірінде болды. Облыс халқының алдында тұрған күрделі міндеттерді шешуге, түйткілді мәселелердің нақты шешімін табуға бағыт-бағдар берді. 2020 жылға дейін мұнай, газ, уран кеніштерін дамытып, күріш егістігін жетілдіруді жоспарлап отырмыз. Яғни, жалпы ішкі өнімді үш есеге өсіру көзделуде. Биылғы жартыжылдықтың қорытындысымен облыс инвестиция тартудан, салық жинаудан алға шықты, құрылыс саласында ілгерілеушілік бар. Тұрғындардың денсаулығы мен өмір сүру сапасына айрықша көңіл бөлініп, ең күрделі мәселелерге байланысты арнайы «жол картасы» қабылданып, жақсы нәтижелерге қол жеткізіле бастады. Білім сапасына байланысты нақты шешімдер қабылданды, үш ауысымда оқитын мектептер мәселесі оңтайлы шешілді. 2015 жылдың соңына дейін балалар балабақшамен толық қамтылады. Алдағы уақытта «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» күрежолының, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының іске қосылуына орай Сыр өңірінде ауқымды істер жүзеге асырылатын болады.

Облыс әкімі сонымен қатар Байқоңыр қаласының облыстың өсіп-өркендеуіне өзіндік үлес қосатындығын, ол жөнінде болашақта атқарылар істердің ауқымын жеткізді. Арал теңізін қалпына келтірудің I кезеңі іске асырылды, қазіргі таңда Аралда балықтың 27 түрі өсіріледі. Жоба толығымен іске асса, 30 мың тоннаға дейін балық өндіруге болады. Аймақ басшысы Сыр жастарына жасалып жатқан жеңілдіктерге тоқталып өтті. Әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы балалары үшін аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша биыл облыс әкімінің 123 гранты бөлінді. Келер жылы оның саны 300-ге жеткізіледі.

Аймақ басшысы өз сөзінде облыс көлемінде 263 елді мекеннің барлығын, оларды түгел аралап шыққандығын және осы ауылдардан келешекте 24 тірек ауылын жасақтау көзделіп отырылғандығын жеткізді. Осы істердің басы-қасында әркез ардагерлер кеңесі мүшелерінің жүретіндігін, әкімшіліктің әрдайым оларға арқа сүйейтіндігін атап өтті.

Кездесуде «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі орталық кеңесінің төрағасы Өмірзақ Озғанбаев, Қостанай облысы ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжебек Укин сөз алып, өңірдегі жасалып жатқан іс-шараларға, үлкендерге көрсетіліп жатқан құрметке ризалық білдірді.

Облыс әкімі қонақтарға ескерткіш сыйлықтар табыс етті. Оларға арнап «Гранд плаза» мейрамханасында дастархан жайылды.

**Жұмагүл ОРАЛБАЕВА.**

**Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев француз және әлемдік кинематографияның жарық жұлдызы Жерар Депардьемен кездесті.**

## ЖЕРАР ДЕПАРДЬЕ:
## ШЫНАЙЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ҚАЛАЙМЫН

Танымал француздың айтуынша, Ресей Федерациясының азаматтығын алғанына көп уақыт бола қоймаған. Ол саяхаттауды өте жақсы көреді екен.

Облыс әкімімен кездесу барысында мәртебелі мейман Байқоңыр ғарыш айлағы, Қармақшы топырағындағы Қорқыт ата мемориалы өзін үлкен әсерге бөлегенін жеткізді.

Қырымбек Елеуұлы құрметті қонаққа бүкіл түркі халықтарының абызы Қорқыт ата жайлы әңгімелеп берді. Мемориалдық кешен бар ғұмырын Жерұйықты іздеумен өткізген ұлы ғұламаның соңғы рет желмаясын шалдырған киелі мекенге орын тепкен. Бұл жер «Жер кіндігі» деп бекерге аталмаған. Сондықтан да киелі мекеннен ғарыш кемелері көк жүзіне ешбір қиындықсыз самғап келеді. Кеңес Одағы кезінде дәл осы жерге әлемдегі теңдессіз ғарыш айлағының салынуы бекер емес.

Байқоңыр мен Қорқыт ата мемориалдық кешені «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінің бағдарламасына енгізілген. Сонымен бірге, аймақта туристік кластер ашылмақшы. Оған бізде мүмкіндік мол.

Жерар Депардье аймақ басшысына облыс көлеміндегі салынып жатқан нысандарда болғанын және өңір тұрғындарымен пікірлескенінде алған әсерлерін жеткізді. Ол Қазақстанның әртүрлі аймақтарын аралап, көркем туынды түсіру ойында барын жеткізді. Оған қазақтың тілі мен музыкасы да қатты ұнаған көрінеді.

Облыс әкімі танымал актерді біздің өлкемізге тағы да келуге шақырды.

**Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.**

## КӘСІПКЕРЛЕР КЕҢЕСІ ҚҰРЫЛДЫ

**Апта басында облыс әкімі жанынан кәсіпкерлер кеңесі құрылып, оның алғашқы отырысы болып өтті. Басқосуға аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев қатысты.**

Жиынды ашқан облыс басшысы Елбасының облысқа сапары кезінде аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты көптеген ұсыныстар білдіргенін, соның бірі өңірде шағын және орта кәсіпті дамыту екендігін атап өтті.

– Нақты кезеңде аймақ экономикасының дамуына негіз болатын көптеген ірі жобалар жүзеге асырылып жатыр, – деп бастады сөзін облыс әкімі Қ.Көшербаев. – Мәселен, бүгінде «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық автожолының 85 пайызы бітті. Автобан құрылысын 2014 жылдың тамыз айына дейін аяқтау жоспарланып отыр. Сонымен қатар, «Бейнеу-Шымкент» магистральдық газ құбыры тартылуда. Енді бір айдан соң осы газ құбырынан облыс орталығына газ келеді. Елді мекендерді газдандыру қолға алынуда. «Сексеуіл-Жезқазған» темір жолы да жыл соңында пайдалануға беріледі. Осы учаскеде құрылыс жұмыстары аяқталған кезде біздің облыс логистикалық жағынан тиімді орналасқан аймақ болып танылады. Кәсіп иелері еліміздің барлық өңірлеріне темір жол арқылы шығарған өнімдерін тасымалдау мүмкіндігіне ие болады. Мұнан өзге, Қызылорда әуежайына халықаралық мәртебе беру бағытындағы жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Алдағы қараша айында оның жобасы мемлекеттік сараптамадан өтіп болады. Сол айда терминал құрылысын бастап кетеміз. Міне, мұның бәрі облыста шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына оң әсерін тигізеді.

Кәсіпкерліктің аймағымызда Ішкі жалпы өнім (ІЖӨ) көлеміндегі үлесі небәрі 10 пайызды ғана құрайтыны белгілі. Ал, салыстыру үшін алсақ, ол Қарағанды облысында 45 пайызға тең. Елбасы өңірдің бизнес қауымдастығы өкілдерімен кездесуінде Германия мемлекетінде шағын және орта бизнестің ІЖӨ көлеміндегі үлесі 85-90 пайызға жеткеніне тоқталып, кәрі құрылықтағы дағдарыс кезінде осы елдің экономикасы шағын кәсіптің арқасында шайқалмағанын атап өтті. Елбасы шағын және орта кәсіпкерліктің өркендеуіне басым бағыттардың бірі ретінде қарап, облыста оны мүмкіндігінше дамытуды тапсырды.

Өңірде кәсіпкерліктің өркен жаюы үшін Елбасы тапсырмасын дер кезінде қолға алған Қ.Көшербаев облыс әкімі жанында кәсіпкерлер кеңесін құрып, енді оның жұмысын өз қадағалауына алғалы отыр.

Кеңес отырысында жаңадан құрылғалы отырған кеңес мүшелерінің міндеттемелер бөлінісін айқындау мәселесі туралы хабарлама жасаған «Атамекен Одағы» ҰЭП» облыстық филиалы жанындағы кәсіпкерлер кеңесінің төрағасы Асқар Маханбетов шағын бизнесті дамыту үшін бізге жаңа көзқарас қажет деп атап өтті. Бұған қоса, өңірде жас бизнесмендердің қалмағанын, олардың бәрі кәсібін өзге аймақтарда дамытып жүргенін қынжыла жеткізді.

Ал, «Аль-Асад» ЖШС директоры Төреғали Шанкерей аймағымызда кәсіп иелеріне көлденең кездесетін кедергілердің бар екендігін жасырмады. Бұрынғы «Қызылорда» ӘӘК» АҚ жұмысына сын айтқан кәсіпкер атауы өзгерген осы құрылым алдағы уақытта облыс кәсіпкерлерімен тығыз байланыста жұмыс жасаса деген тілегін жеткізді.

Аймақ басшысы кеңес отырысын ай сайын өткізіп тұруды ұсынып, әкімшілік тарапынан толық қолдау көрсетілетінін жеткізді. Ендігі басқосу 24-қазанда өтеді. Осы мерзім ішінде кеңес мүшелеріне өз орталарынан төраға сайлауды және саланы дамытуға арналған «Жол картасы» бағдарламасын жасауды тапсырған облыс басшысы аталған жұмыстарды қадағалап отыруды өз орынбасары Ғалым Әміреевке жүктеді.

**Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.**

СЕМИНАР-КЕҢЕС

# СЫР АРДАГЕРЛЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫНАН ҮЙРЕНЕТІН ҮЛГІ КӨП

**25 қыркүйек күні Қызылорда қаласында республикалық ардагерлер кеңесінің үш күндік семинар-кеңесі басталды.**

Он бес облыс пен Астана және Алматы қалалары ардагерлер кеңестерінің төрағалары мен орынбасарлары қаладағы барлық жағдайы жасалған екі қонақ үйге орналастырылды. Семинарға сондай-ақ облыстағы қалалық, аудандық ардагерлер кеңестерінің төрағалары мен бірқатар мекеме, ұйым басшылары қатысты. Семинар-кеңестің алғашқы күні қонақтар қаланың көрікті жерлерін аралады. «Сыр-Ана» монументінде театрландырылған көрініс көрсетіліп, алыстан келген меймандарға қазақтың ұлттық тағамдарынан дәм ұсынылды. Облыстық мәдениет саласының өнерпаздары келушілерге әннен шашу шашып, бишілер өз өнерлерін ұсынды. Мұнан кейін Тұңғыш Президент саябағында болған ардагер белсенділері «Ардагер аллеясына» бірнеше түп жасыл ағаш отырғызды.

– Байтақ еліміздің ардагерлері Қыдыр дарып, бақ қонған, небір қилы заманда қазаққа баспана да, астана да бола білген, имандылықтың есігі, әулиелердің бесігі саналған Сыр елінде бас қосып отыр, – деді республикалық «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің төрағасы Өмірзақ Озғанбаев.– Сыр өңірі барша қазаққа тән ұлттық құндылықтарды қаз-қалпында сақтап отырған аймақ ретінде танымал. Әлемде жаһандану шаралары жүріп жатыр, ол бізді айналып өтпейді. Сондықтан да халықтың «Қариясы бар елдің қазынасы бар», «Ауылыңда қартың болса жазылып қойған хатпен тең» дегені де, Махамбеттің «Кімнің қарты жоқ болса, жастары болар диуана» дегені де ақылдың кені, қазыналы қарттарды құрметтеу, ақсақалдар алқасын дәріптеу болып табылады. Бұған дейін Сыр ардагерлерінің атқарып жатқан жұмыстары республикаға тәжірибе ретінде таратылған болатын. Енді, міне, атқарылған нақты жұмыстарды өз көзімізбен көрудің де сәті түсті.

Кеңеске қатысушылар Тұңғыш Елбасы саябағына суретке түсуге келген жас жұбайлар Бақыт пен Мөлдірге ақ баталарын беріп, оларға өмірдегі бар жақсылықты тіледі.

«Ақмешіт-Сырдария» мешітінде аруақтарға Құран бағыштаған қонақтар азан шақырып, өмірге жаңа келген нәрестенің атын қойды. Ата-әжесінің, әке-шешесінің қалауымен бүлдіршінге республикалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Өмірзақ Озғанбаев өз атын берді. Аталарының ақ батасына оранған бал бөбек түрлі сыйлықтар иеленсе, оның туыстары азан шақырып, ат қойған кісілерге шапан жапты. Семинарға қатысушылар мұнан кейін «Жалаңтөс Баһадүр» ескерткішінде, «Тағзым» алаңында болып, гүл шоқтарын қойды. Сыр сүлейлері аллеясын аралап, тамашалады.

***

«Ардагерлер қозғалысының даму белестері. Тәжірибе. Мәселелер» тақырыбындағы республикалық семинардың екінші күні делегаттар алдымен облыстық медицина орталығының жұмысымен танысты.

Мәжіліс залында орталық директоры Нариман Табынбаев қонақтарға орталықтың өткені мен бүгіні жайында әңгімелеп, заманауи жасанып, жарақтанған медициналық мекеменің тыныс-тіршілігінен хабардар етті. Ондағы жасалып жатқан заманауи, күрделі оталар, тұрғындар саулығын сақтау мақсатында қолданылып жатқан жаңа әдіс-тәсілдер туралы жан-жақты айтып өтті.

Бүгінде 780 төсек-орынның 75-і ақылы негізде жұмыс жасайды. 1500-ге жуық адам қызмет ететін ұйымда 36 негізгі бөлім бар. Сондай-ақ, мұнда перинаталды орталық, кардиология, нейроинсульттік және еркектер денсаулығы орталықтары бар. Орталықта 18 ота жасау бөлмесі жасақталған, жылына 25-28 мың науқасқа көмек көрсетуге қауқарлы.

Шара барысында облыстық медицина орталығының ұжымы көз дәрігері, сала ардагері Ислам Садықовты салтанатты түрде зейнетке шығарып салды. Салтанатты рәсімде ұжым мүшелері, көз аурулар бөлімшесі мен көз аурулар қоғамы тарапынан мереке иесіне сый-сияпаттар жасалды.

Онан соң мәртебелі меймандар облыстық медицина орталығындағы бастауыш ардагерлер ұйымының жұмысымен танысты. Бастауыш ардагерлер ұйымының тізімінде 89 ардагер бар екен. Мұнда сала ардагерлері үшін барлық жағдай жасалған.

Ардагерлер бөлмесімен танысқан соң делегаттар медицина орталығының тарихы мен бүгінінен сыр шертетін мұражай экспонаттарын тамашалады.

Республикалық семинарға қатысушылардың екінші тоқтаған жері бұл Ардагерлер үйі болды.

Зейнеткерлер мен мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету аумақтық орталығы 2010 жылдың қазан айында құрылған. 50 орынға арналған орталық негізінен зейнеткерлер мен мүгедектерге, соғыс және еңбек ардагерлеріне медициналық-әлеуметтік қызметтер көрсетуге және олардың бос уақыттарын тиімді өткізуге арналған.

Шара барысында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейілбек Шаухаманов қонақтарды кеңес жұмысымен жан-жақты таныстырды, делегаттар өздерін қызықтырған сауалдарын қойып, ашық пікір алмасты. «Бүгінгі таңда 692 бастауыш ұйымы бар, олардың саны әлі де арта түсуде. Ардагерлер үйінде облыстың барлық ардагерлерінің тізімі, олар жайында барлық мәліметтер компьютерге енгізілген, түгелдей дерлік интернетке қосылған, кез келген уақытта іздеген адамымыз жайында нақты мәлімет ала аламыз, – деді кеңес төрағасы делегаттармен әңгімесінде. Ардагерлер үйінде демалушылардан жасақталған ардагерлер ансамблі ән-жырдан шашу шашып, шара мазмұнын байыта түсті.

№6 қалалық емханасында семинарға қатысушылар емхана жұмысымен және ардагерлердің бастауыш ұйымымен танысты. 1991 жылы ашылған емдеу, алдын алу мекемесі заман талабына сай және саланы дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаларды басшылыққа ала отырып, қызмет етіп келеді. Мұнда да сала ардагерлерінің бір-бірімен кездесіп, әңгіме-дүкен құруына, мәдени шаралармен айналысуына және демалуына барлық жағдай жасалған.

Мәртебелі меймандар онан соң Сырдария ауданына қарасты Н.Ілиясов ауылының тыныс-тіршілігімен танысты. Әдемі ән-жырмен қарсы алған тұрғындар «ә» дегеннен-ақ өздерінің қонақжайлылықтарын байқатты. Н.Ілиясов және Ұлы Отан соғысына қатысушыларға арналған ескерткіштерге гүл шоқтарын қоюдан басталған семинар жұмысы барысында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейілбек Шаухаманов аталған ауылдың облыстағы маңызына тоқталды.

– Елбасымыз: – «Сыр – Алаштың анасы» деген. Алашқа ана болу оңай емес, әрине. Бүгін, міне, сіздер заман талабына сай жасанып-жайнаған әйгілі батыр атындағы ауылда тұрсыздар. Ауылды аралап көрдіңіздер, кейбір қаланың орталығынан еш кем емес. Бұл осындағы жүрегі «елім, туған жерім» деп соққан азаматтардың еңбегінің жемісі. Сыр елі қашанда өзінің қонақжайлылығымен, өнерімен, мәдениетімен аты шыққан ел, – деді ол.

Онан соң аудан әкімі Ғани Қазантаев ауданда атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде айтып өтсе, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қайрулла Әбенов ардагерлер ұйымының қызметі, ахуалы туралы әңгімеледі. Сонымен бірге ауылдағы шаруашылық иесі, «Абзал и К» толық серіктестігінің төрағасы Абзал Ералиев семинарға қатысушыларға жылы лебізін білдірді. Өз кезегінде қонақтар да ыстық ықыластарын жеткізіп жатты. Мәселен, ҚР ардагерлер ұйымы орталық кеңесінің төрағасы Өмірзақ Озғанбаев ауыл азаматтарының іскерлігіне, ауыл тұрғындарының ауызбірлігіне ризашылығын жеткізді.

– Құрметті азаматтар, кешеден бері қасиетті Сыр өңірінің азаматтарымен кездесіп, қала келбетімен, бастауыш ардагерлер ұйымдарының жұмысымен танысып жатырмыз. Бүгін, міне, керемет ауылды көріп таңғалып отырмыз. Мына ауыл еліміздің өзге өңірлеріне, барша ауылдарына үлгі болатын ауыл екен. Еліміздің талай аймағында болып жүрмін, бірақ ақсақал сыйлау, үлкенді құрметтеу қасиеті сіздерде ерекше қалыптасқан екен. Бұл тамаша қасиет. Осы қасиет басқа да өңірлерімізде қалыптасса деген арманым бар. Ауыл ажарын арттырып, бағын ашатын ауыл азаматтары аман болсын, ауызбірліктеріңіз арта берсін,– деп ағалық ақ тілегін арнады.

Біз әңгімеге тартқан алматылық ардагер Бижамал Рамазанова да таңданысын жасыра алмады. – Екі күн бойы Қызылорда облысының ардагерлер кеңесінің, бастауыш ардагерлер ұйымдарының жұмысымен, ардагерлердің жағдайымен танысып жатырмыз. Қызылорда облысы ең әдемі өңірге айналыпты. Бүгін, міне, мына ауылды көріп тіпті қайран қалдым. Ауылға емес, қалаға келгендей боп отырмын. Фонтандары қандай, айнала қызылды-жасылды гүлге оранған, – деп ағынан жарылды. Ал, Атырау облысының ардагерлер кеңесінің төрағасы Хатимолла Ризуанов біздегі ардагерлер кеңесінің, бастауыш ардагерлер ұйымдарының жолға қойылғанына таңданысын жасырмады. – Бізде облыстық ардагерлер үйі жоқ. Бұл туралы енді ғана өз ұсынысымызды айтып жатырмыз. Сіздердегі ардагерлерге деген қамқорлықты, жағдайды көріп қатты қуанып әрі қызығып отырмын. Түгел бір жүйе десе болады. Бұл, әрине, кеңес төрағасының іскерлігінің нәтижесі. Жалпы, сіздерден алатынымыз да үйренеріміз де көп екен.

Семинар жұмысы барысында қатысушылар онан әрі мәдениет үйіндегі ауыл тарихынан, ауылдың ардақты азаматтары жайында сыр шертетін мұражайды тамашалап, ардагерлер ұйымының бөлмесімен танысты. Ауылдың батыр аналар ансамблі халық әндерін әуелетсе, өнерлі ардагерлер ұлттық салт-дәстүрімізге байланысты қойылым қойды. Сондай-ақ, Т.Айтбаев атындағы №132 орта мектептегі ардагерлердің бастауыш ұйым жағдайымен танысты.

**Жұмагүл ОРАЛБАЕВА,**
**Айнұр БАТТАЛОВА.**

# ӘЙГІЛІ АКТЕРМЕН ЖҮЗДЕСУ



Облыс әкімінің орынбасары Наталья Годунова Сыр еліне арнайы сапармен келген әйгілі актер Жерар Депардьені қабылдады. Әлемдік кинемотографияда қолтаңбасы айқын актердің сапарының мақсаты – Байқоңырға барып, зымыран ұшырылымына куә болу.

Ол басты рөлдерді ойнаған тарихи, драмалық, комедия жанрларындағы фильмдер кассалық түсім бойынша рекордтарды жаңартқан. Өткен ғасырдың 70-жылдары жарыққа шыққан "Вальс ырғағындағылар" картинасының алғашында басы дауға қалғанмен, кейін аталған кезеңнің үздік киносы атанды. Сол фильмнен соң Депардьеге ұсыныстар көптеп түсе бастаған. Кино саласындағы әлемдік сыйлықтардың бірнешеуіне ие болған.

Ол осыдан бірнеше жыл бұрын экранға шыққан қазақстандық режиссер Сәбит Құрманбековтің "Жиде. Кешіккен махаббат" картинасына Нұржұман Ықтымбаев, Наталья Орынбасаровамен бірге түскен болатын. Мейірімге толы лирикалық хикая жас ортасына келген жандардың күнделікті өмірінің қайшылықтары мен шырғалаңдарын суреттейді.

Бұған дейін Астанада, Алматыда, Шымкентте болған актер қазақстандық картинаға түсу барысында балалығына қайта оралғандай әсер алғанын, қазақ ауылдарындағы жанға жайлы атмосфераны ұнататынын айтты.

Актерге Сыр өңірі туралы ағылшын тіліндегі бейнеролик көрсетіліп, қысқаша мәліметтер, сондай-ақ біздің өңірдің қазақ мәдениеті мен өнеріндегі орны туралы ақпараттар ұсынылды. Депардье алдағы уақытта "Дала дауысы" атты фильмге түсетінін, қазақтың жері мен кең пейілі туралы әсерлерін сол өнер туындысында көрерменге жеткізуге тырысатынын атап өтті.

**М.МЕРЕЙ.**

**Үстіміздегі жылғы 24 қыркүйекте облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалық етуімен жылу маусымына дайындық жөніндегі облыстық штабтың кезекті мәжілісі болып өтті. Мәжілісте сондай-ақ облыстың 2011-2020 жылдарға арналған тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласын жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыру барысы талқыланды. Мәжіліс жұмысына департаменттер мен басқармалар басшылары, Қызылорда қаласы мен аудандардың әкімдері қатысты.**

# ЖЫЛУ МАУСЫМЫ КЕШЕУІЛДЕУДІ КҮТПЕЙДІ

ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

Облыс әкімі Қ.Көшербаевтың атап өткеніндей, мамандардың болжамы бойынша биылғы қыс ерте түседі және ол қатаң болады деп күтілуде. Жаңа жылу маусымына санаулы күндер қалды. Ал дайындық әзірге біз күткендегіден төмен деңгейде қалыптасып отыр.

Облыс әкімінің орынбасары Нұржан Әлібаевтың айтуынша, бүгінге дейін облыста жылу маусымына білім беру нысандарының 322-сі (97%), денсаулық сақтау нысандарының 338-і (96%) және мәдениет нысандарының 246-сы (99%) дайын. Бір қарағанда цифрлар сенім ұялатады, бірақ жылу маусымының басталуына санаулы күндер қалғанын ескерсек, жұмыстарды тездету бүгінгі күннің басты мәселесі болып табылады. Бұл, әсіресе, денсаулық сақтау саласына қатысты. Арал және Жаңақорған аудандарында 12 нысан қысқа дайын емес. Жылу орталықтарына қажетті қатты және сұйық отынды дайындау барысында айрықша проблема жоқ. Сонымен бірге бұл бағытта да жұмысты тездету керек. Бұрынғысынша халықтан коммуналдық қызмет берешектерін жинау осал буынның қатарына жатады. Өткен жылу маусымынан қалған берешектердің өзі миллиондаған теңгені құрайды. Қарыздарды өтеу бағытында жаңа әдістерді қолданып, мәселелерді тездетіп шешуіміз керек.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласын жарақтандыру туралы. 2014 жылы көпқабатты үйлерді күрделі жөндеуге мемлекеттік бюджеттен 297,5 млн. теңге бөлінеді. Күрделі жөндеу жүргізілетін көпқабатты үйлердің тізімін анықтау кешеуілдеуде. Облыс орталығында және бірқатар аудандарда бұл объектілердің жобалау-сметалық құжаттамалары әлі дайын емес. Бұл міндетті үстіміздегі жылы шешу қажет.

Мәжілісте облыс әкімі Қ.Көшербаев облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Иран Шәметековтен саладағы 12 нысанның жылу маусымына неліктен дайын болмай отырғанын сұрады. Басқарма басшысы конкурстық рәсімдеулердің кеш өткізілгенін айтты. Облыс әкімі оған қанағаттанбай, қазан айының басына дейін бұл мәселені шешу қажеттігін қатаң тапсырды.

Облыс әкімі Арал ауданының әкімі Мархабат Жайымбетовке ауданға қажетті қатты отынның жеткілікті мөлшерін қамтамасыз ету жөнінде тапсырма берді. Бүгінге дейін ауданда оның қажетті қорының 64 пайызы ғана дайын. Сонымен бірге аудан орталығындағы 10 көпқабатты үйлерге күрделі жөндеу жүргізу үшін қажетті жобалау-сметалық құжаттамалар тездетіп дайындалуы қажет. Бұл жөнінде көптен бері әңгіме болып келе жатқанымен, әзірге іс жүзінде нақты ештеңе тындырылған жоқ.

М.Жайымбетов 15 қазанға дейін ауданда отын мәселесі шешілетінін мәлімдеді. Сонымен бірге жобалық-сметалық құжаттамалар дайындау жұмысы да шешімін табады. Арал ауданының әкімі Сексеуіл қыстағының жылу жүйелерін жөндеу мәселесіне қатысты проблемаларды алға тартты. Олар ондаған жылдар бойы жөндеу көрмеген, оны шешуге ауданның күші жетпейді. Қ.Көшербаев бұл мәселені «Арал» салынып жатқан құрылыстар мемлекеттік мекемесінің басшысы И.Оңғарбаевпен бірлесіп шешу қажеттігін айтты.

Қазалы ауданының әкімі Бақыт Жахановтың есебін тыңдаған облыс басшысы одан білім беру нысандарындағы 7 қазандықты жөндеу жұмыстары қашан аяқталатынын сұрады. Сонымен бірге, аудан халқы мен бірқатар мекемелердің электр энергиясына, суға, жылуға қарызы неліктен өсіп кеткен?

Аудан әкімі жылу маусымы басталғанға дейін жөндеу жұмыстары толық аяқталатынын мәлімдеді.

Мәжілісте аталып өтілгендей, Жаңақорған ауданы қатты отынды сатып алу көрсеткіші бойынша басқалардан едәуір қалыс келеді. Қазір ауданда қажеттіліктің 40 пайызы ғана қамтамасыз етілген. Сонымен бірге аудан коммуналдық қарыздар жөнінде де «көш басында» келеді. 2014 жылы 2 көпқабатты үй бағдарлама бойынша қайта жарақтандыру бағдарламасына енген. Мұның өзі аз, сонымен бірге жобалау-сметалық құжаттамалары дайын емес.

Аудан әкімі С.Тәуіпбаев 1 қазанға дейін дайындық жұмыстары толық аяқталатынын мәлімдеді. Қарыздарды өтеу бойынша жұмыстар жедел жүргізіліп, екі үйдің құжаттамалары шұғыл түрде дайындалатын болады.

Штаб мәжілісінде «КРЭК» АҚ басқармасының төрағасы Серік Сүлейменов жауапты маусымға дайындық барысын мәлімдеді. Ол өз қызметкерлерінің жалақы бойынша берешегін өтеу бойынша жақсы нәтижелерге қол жеткізілгенін атап көрсетті. Сонымен бірге С.Сүлейменов акционерлік қоғамның Жамбыл электр стансасы алдында 70,5 млн. теңге берешегі қалыптасып отырғанын айтты. Егер жылу маусымы басталғанға дейін берешек өтелмесе, Жамбыл ГРЭС-і қыс айларында электрмен қамтамасыз етуде біз үшін едәуір қиындықтар тудыруы мүмкін.

Қ.Көшербаев мәжілісті қорыта келе, қалыптасқан проблемаларды тездетіп шешу қажеттігін айтты. Әсіресе, «Су құбыры» мемлекеттік мекемесі және КРЭК алдындағы берешектерді өтеу өте маңызды мәселе болып табылады. Облыс әкімі департаменттер мен басқарма басшыларына, Қызылорда қаласының және аудандардың әкімдеріне 1 қазанға дейін барлық денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік, мәдени нысандардың жылу маусымына дайындығын аяқтау қажеттігін қатаң тапсырды. Берілген тапсырманы орындамағандардан қатаң сұралатын болады.

**Жолдасбек ӘЛМАХАНҰЛЫ.**

**Әлем өзгеріп жатыр. Жай өзгеріп жатқан жоқ, сонымен бірге оның біз күткендегіден жылдам, сүреңсіз, мазасыз, алаңдаушылық сипатта өзгеріп жатқанын да ашық мойындауға тура келеді. Ал біз үшін бүгінгідей әлемдік жаһандану үдерісі барынша үдеп тұрған кезеңде әрқайсысымыздың ерік-жігерімізден тыс өмір тудырған осынау өзгеріс атаулылардан айналып өте алмайтынымыз тағы да мойындауға тура келетін бүгінгі күннің ащы шындығы. Ал осы бізге тосыннан кездескен кедергілерден қалай шығуға болады? Елбасының бүгінгі ұстанған саясатының негізгі бағыт-бағдары осы сауалдың жауабын іздестіруге бағытталған дәйекті шешімдер қабылдау мақсатын көздейді.**

# ДАМЫҒАН 30 ЕЛДІҢ ҚАТАРЫНА

# қалай кіруге болады?

**Жолдасбек АҚСАҚАЛҰЛЫ**

Президент 2012 жылы ел алдында жаһандық сипаттағы осы күрделі мәселелерді бүкпесіз баяндап берді. Сөйтіп, Елбасы «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты сан тараудан тұратын мақсат-мүддесі барынша анық айшықталған мазмұнды мақаласын жариялады. Мемлекет басшысы мақаласында біздің барлығымыз болып 20 жылдық ауыр жолды, ел өміріндегі сындарлы кезеңді еңсергенімізді атап көрсетті. Шын мәнінде қазір еліміздің алдында жақсы перспективалар ашылды. Иә, Қазақстан төрткүл дүниеге танылды, қиын асулар алынды. Біз алдымен тәуелсіздікпен бірге санамызға енген нарықтық қатынастардың бұралаң жолдарынан өттік. Ал, бұл жол бізге мүлдем бейтаныс еді. Қиындықтар болды, өзге жұрт бізге сынай қарады, бойымыздан мін іздеді. Ел болып кететінімізге күмәнмен қараған мысықтілеулілер қаншама болды десеңізші. Бүгінгі Қазақстан өркениетті елдердің алғашқы легіне енуге таяды. Қазақстан әлеуметтік бағдарланған мемлекетке айналды. Осының барлығы әлем саясатшылары мойындаған Елбасының дәйекті, сындарлы саясатының, елдегі татулықтың, бірліктің жемісі.

Сонымен, біз бүгін қандай деңгейге жеттік? Табыс бар, тұрмысымыз жақсы, алайда бүгінгі әлем біздің ойлағанымыздан күрделі, жаңа сындарға тап болды. Ал оған төтеп беру үшін біз әрқайсысымыз тап-түйнақтай дайын болуымыз керек. Осы орайда Президент толғанады, еліне ой тастайды, жаңа уақыттың сындарлы кезеңіне қарай жаңа міндеттер жүктейді. Ол ел алдындағы үлкен жауапкершілікті, Президент көтеретін зілбатпан жауапкершілікті сезіне отырып, әлемде қалыптасқан күрделі қарама-қайшылықтарға орай, өз ой-толғамдарын бүкпесіз ортаға салады. Президент: «Мен Жолдауымның орындалу қарқыны мен сапасына қанағаттанбаймын», деп жазды мақаласында. Неліктен? Жаңа ғасыр тудырған әлемдегі тұрақсыздық, дағдарыс салқыны Елбасын толғандырады. Осы орайда ол өткен ғасырдың 60-жылдарындағы тұтынушылық қоғамның жиркеніпті психологиясынан бүгінгі ұрпақтың ада болғанын қалайды, осы қауіптен сақтандырады, сақтандырып қоймай ел алдында міндеттер жүктейді. Бұл идеология әлемнің дамыған елдерінде масылдық психология тудырғанын атап өткен Елбасы оның дағдарыстың себебі болғанын, ал бүгінде оған қарсы тұратын идея – «жалпыға ортақ еңбек қоғамы» екенін атап көрсетті.

Елбасы байлық, игілік атаулының алдағы уақытта қаржы институттарымен емес, адамның еңбегімен жасалатынын дәйекті ұстаным ретінде қарастырады. Президент дәйектемесі санаға қонымды, шындығында әлемде 2008 жылы орын алған дағдарыстың, бүгінде Еуроодақты дүрліктіріп жатқан алда болуы ықтимал берекесіздіктің себеп-салдарына, шығу тегіне біршама талдау жасаған экономис-


Швейцария, 1-орын


Ұлыбритания, 10-орын


Сауд Арабиясы, 20-орын

тердің, саясаткерлердің өзі бұл турасында ашық айтқан жоқ па еді? Айтпақшы, олардың алғашқы қатарында Қазақстан Президентінің болғанын айту – біз үшін мақтаныш, мәртебе. Елбасы сол 2008 жылдың өзінде-ақ «Российская газетада» «Дағдарыстан шығудың кілті» атты мақаласын жариялады. Қалыптасқан жағдайға талдау жасады. Сөйтіп, өзінің әрдайым уақытпен бірге үндесіп отыратын прагматикалық көзқарасын білдірді.

Уақыт өз дегенін істеуде. Біз сол дағдарыстан әлемдік деңгейде пәлендей қорытынды шығара алмадық. Дүниенің әр түкпірінде әлемнің – 8, арагідік 20 дамыған мемлекет басшылары бірнеше рет бас қосты. Хаттамалық деңгейден аса алмайтын шешімдер әлемдегі ахуалды сауықтыруға дәрмені жетпеді. Осы уақыт аралығында Қазақстан Президенті бұл турасында бірнеше рет мәлімдеді. Өзін толғандырған сауалдарға әртүрлі деңгейдегі әлемдік басқосуларда ашық ойын білдірді.

Қазір өндіру мен тұтыну көлемі арасындағы алшақтық, қаржы айналымына бақылаудың бетімен жіберілуі «Әлемнің әміршісі – еңбек» дейтін өміршең ұлы қағиданың өзіне құлай берілетіндердің өзін күмәнді ойдың жетегімен алып барады. Бұл базбіреулерді бас ауыртып, балтырын сыздатпай-ақ ақша табуға итермелейді. Күллі Батыс осы келеңсіз үрдіспен өмір сүреді. Қарыз алады, қарызға белшесінен батады. Банктер құрдымға кетеді. Сөйтіп, нақты өнім өндірумен үйлестірілмеген ақша тасқыны күллі Европаны бүгінде тығырыққа тіреп, одан шығудың жолы күн сайын күрделене түсуде. Қазір бүкіл әлемнің белді экономистері ұдайы қарызға өмір сүрудің неге әкеліп соқтыратынын ашық айта бастады.

Елбасы әлемде орын алып отырған күрделі ахуалды сарапқа сала отырып, барлығына жан-жақты талдау жасайды. Осы жолы Мемлекет басшысы өзінің дәйекті тұжырымдарға бекем екенін тағы да дәлелдеді. Сайып келгенде, бұл елдің мүддесі үшін мүмкін болатын келеңсіз жағдайлардың алдын алуға бағытталған нақты міндеттер болып табылады. Дәйектілік дегеннен шығады, Елбасы 2011 жылғы Жолдауында еңбек өнімділігі, оны көтеру жолдары туралы нақты міндеттер жүктеген болатын. Сайып келгенде, еңбек өнімділігі кешегі посткеңестік жүйеде болған мемлекеттердің барлығына тән күрделі мәселе. Кеңестік жүйеден қалған масылдық психология, құрал-жабдықтардың ескіруі, тағысын-тағылар – еңбек өнімділігін тежейтін негізгі факторлардың бірі.

Мақала жарияланғаннан кейін Мемлекет басшысы елді әлеуметтік-экономикалық дамыту мәселесіне арналған кеңес өткізді. Елбасы экономикадағы өсім жағдайын айта келе, өз мақаласында атап көрсетілген Қазақстанды жаңғыртудың 20 қадамына қатысты ойларын тағы да сабақтады. Қазақстанда әртүрлі әлеуметтік төлемдерді, жәрдемақы мен зейнетақыны шамамен 4,2 млн. адам алып отыр. Өткен жылғы төлемдер сомасы 1,1 трлн. теңге болды. Шындығында, мұндай тиімді әлеуметтік саясат жүргізуге көптеген мемлекеттердің шамасы жетпейді. Елбасының атап өткеніндей, тапсырмаларды жүзеге асыру көп қаржыны қажет етпейді. Бұлар заң шығару және ұйымдастыру шаралары болып табылады. Ал, Елбасының Қазақстанның даму жолының Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы атты кең ұғымға сиятын жаңа идеясы біздің таяу болашаққа бағытталған негізгі міндетмежеміз болып табылады.

Мемлекет басшысы жуырда Қазақстан Республикасы Парламентінің бесінші шақырылымы үшінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде еліміздің «Қазақстан-2050» стратегиясын жүзеге асыру кезеңіне аяқ басқанын атап көрсетті. Бұл Стратегияның алға қойған негізгі мақсаты – әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру. Осы орайда Президент әлеуметтік проблемалар көптеген дамыған елдерде шиеленісіп кеткенін, жұмыссыздықтың өсуі, халықтың табысының төмендеуі, әлеуметтік дамудың үйлесімсіздігі мен кереғарлығы – әлемнің көптеген елдеріндегі нақты жағдайлардан көрініс беріп отырғанын мәлімдеді. Ал, Қазақстандағы ахуал олардың көпшілігінде болып жатқан жайттарға қарағанда артықшылығымен ерекшеленеді.

2013 жылдың алғашқы жартыжылдық қорытындысы бойынша Қазақстанда ішкі жалпы өнімнің өсімі 5 пайыздан асты. Ішкі жалпы өнімнің жан басына шаққандағы көрсеткіші 12 мың доллардан жоғары. Қазақстанның Ұлттық қордың валюталық активтерін қоса алғандағы халықаралық резерві 90 миллиард долларға жетіп жығылады.

Президент бүгінгі таңда «ЭКСПО-2017» аясында өтетін шараларға айрықша мән беруде. Ал, бұл энергия тиімділігі мен энергия жинақтауға қатысты маңызды мәселе болып саналады. Энергия жинақтаудың жаңа мәдениетін, экономика тәрізді күнделікті өмірде де жаппай қалыптастыру мақсатында Президент Жарлығымен «Жасыл экономикаға» өту тұжырымдамасы бекітілді. Тұжырымдама бойынша Қазақстан 2020 жылға дейін энергия үнемдеуді жыл сайын 2,5 пайыз, ал 2020 жылдан кейін 3,5 пайыз көлемінде қамтамасыз етуі қажет. Бұл отандық кәсіпорындардың энерготиімділігінің қажетті деңгейіне жетуіне мүмкіндік беріп, «жасыл экономика» аясындағы міндеттерді орындауды қамтамасыз етеді.

Президенттің зейнетақы жүйесін реформалауға қатысты жаңа қадамдары көп елдерге үлгі болатын әлеуметтік бағыттағы маңызды шешім болып табылады. Алдағы уақытта жұмыс істейтін әйелдердің бала туу және бала күтіміне байланысты демалыста болу кезеңінде міндетті зейнетақы жарналарын бюджет қаражаттары есебінен субсидиялау қамтамасыз етіледі. Бұл бірде-бір мемлекетте қолға алынбаған теңдесі жоқ қадам.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жуырда өткен Дамушы нарықтардың Еуразиялық форумында:

– Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылы ішінде орасан жолды жүріп өтті. КСРО тарағаннан кейін экономика 30 пайызға, АҚШ-тағы Ұлы депрессиядан да төмен құлдырады. КСРО республикалары арасындағы аутсайдерден біз орнықты экономикалық өсім магистраліне шықтық. Бүгінде экономикалық өсім қарқыны бойынша біз ТМД елдері арасында көшбасшылар қатарынан көріндік. Қазақстан ХХ ғасырдың бірінші онжылдығында 9-10 пайыз, ал осы жылдар ішінде орташа 6-7 пайыз қарқынмен дамыды, ішкі жалпы өнім жан басына шаққанда 600 доллардан биыл 12 500 долларға өсті. Адам әлеуеті дамуының жаһандық индексінде біз жоғары нәтиже көрсеттік, әлемдік білім беру кеңістігінің бөлігіне айналған Қазақстанның білім беру жүйесі сенімді дамуда. Мысалы, технологиялық жабдықталуы мен кәсіби кадрлар деңгейі бойынша Қазақстан медицинасы алдыңғы қатарға шықты. Орташа өмір сүру ұзақтығы соңғы 8 жылда 5 жасқа ұзарып, бүгінде оның шегі 70 жасқа артты. Бала туу артты, демографиялық өсу байқалуда, – деп еліміздің бүгінгі қол жеткен жетістіктерін дәйекті мысалдармен атап көрсетті.

Тарихтың әр дәуірінде, халық үшін сындарлы шақта елін қиындықтан қайыспай алып шығатын жол табуға дәнекер болатын ұлы тұлғалар өмірге келген. Айталық, АҚШ Президенттігіне 4 рет сайланған Франклин Рузвельт өткен ғасырдың 30-40-жылдарындағы ұлы депрессия кезінде Америка халқын қиындықтан алып шықты. «Социализмшіл» деп кінә таққан Америка шонжарларының өзі оны мойындауға мәжбүр болды. Айтқанын істеді, мәмілеге келді. Ресей үшін қиынқыстау кезеңде Үкімет басшысы болған Столыпин өз реформасын дәйекті бастағанымен, оны кейінгі революциялық толқулар басып тастады. Сөйтіп, Ресей өсіпөркендеудің жолынан бірнеше ондаған жылдар қалыс қалды. Әлемде мұндай тұлғалардың есімдері көптеп саналады. Біз бүгінгі қысқа мақалада оның барлығын тізбелеп жатуды жөн санамадық. Ең бастысы, Елбасы өз халқына өзінің жүрегінен шыққан шынайы, өміршең идеясын ұсынды. Ал, идея біздің әрқайсысымыздың табанды іс-қимыл, белсенді әрекетіміз арқылы ғана өміршең идеяға айналатыны айқын.

Жуырда Қазақстан Бүкіләлемдік экономикалық форумның жаһандық бәсекелестікке қабілеттілік жөніндегі бағалауы бойынша әлемдегі ең дамыған елу елдің қатарына енді. Ал Елбасының басшылығымен қабылданған «Қазақстан-2050» стратегиясында әлемдегі озық 30 мемлекеттің қатарына ену міндеті қойылып отыр. Бұл белеске қарай ұмтылыс қазірдің өзінде жақсы нәтижелерге жеткізді.

● ІЗДЕНІС

# ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЖОҒАРЫ ӨНІМ НЕГІЗІ

"Ізденген жетер мұратқа" деген даналықты республика жұртшылығына есімдері танымал ағайынды Абзал, Дархан Ералиевтердің жетістіктеріне қарап айтуға әбден болады. Терең зерттеу, талмай іздену нәтижесінде озық технологияны өндіріске енгізген олар қазір жақын, алыс шетелдермен байланысты нығайтты.

«Абзал және Компания» толық серіктестігі инвестор болып табылатын «Мағжан және К» ЖШС-ның айы бірден оңынан туа қойған жоқ. Мұнан он жыл бұрын бәрі де басқаша болатын. 2003 жылы Н.Ілиясов атындағы ауылдың инженерлік жоспарланған жер қорынан «Абзал және К» ТС-не 15 жыл мерзімге 1838 гектар жер жалға берілген. Алғашқы жылы осы алқаптың 650 гектарына күріш егілсе, келесі жылы Сыр маржаны егісінің алқабы 1000 гектарға жеткізіліп, 300 гектарға жоңышқа егілді. Бұл кезеңде кеңестік шаруашылықтың ізінен құрылған осындағы «Нағи» ЖШС қарызға белшесінен батып, «Тұран Әлем Банкі» АҚ алдындағы несиесін өтей алмайтын болғандықтан 170 млн. теңге қарызды қайтару міндетін «Абзал және Компания» ТС өз мойнына алады. Күріш шаруашылығын жолға қойып, дамыту «Мағжан және К» ЖШС-не жүктеледі.

Аталмыш серіктесік 2009 жылға дейін тек күріш өндірумен айналысып келсе, осы жылдың екінші жартысынан бастап элиталық тұқым шаруашылығы деген мәртебеге ие болады. Өнімнің шығымды болуы – тұқымнан екендігі ғылыми тұрғыда дәлелденген тұжырым. Қазіргі таңда бұл серіктестік сапалы тұқыммен күріш егетін облыс шараушылықтарын толық қамтамасыз етіп отыр.

Шаруашылық еңбеккерлері күріш сорттарының барлық түрлері бойынша өнімділікті арттыру және тауарлы күріштің сапасын жақсарту бойынша аянбай еңбек етуде. Осыған орай шаруашылықта соңғы бес жылда күріштің «Янтарь», «Лидер», «Фишт», «Анаит» сорттары жерсіндірілді. Ресейлік «Бальдо», «Османчик», «Виктория», «Диамант», өзбекстандық «Гульжахон», «Ситора», «Истикбол», «Истиклол» күріш сорттары жерсіндірілу сатысында. Мұның барлығы сайып келгенде серіктестіктің Бүкілресейлік күріш ғылыми-зерттеу институтының, Кубань мемлекеттік аграрлық университетінің және Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институтының ғалымдарымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасауының нәтижесі. Серіктестік күріш саласындағы оңды істерді үйренуден, оң тәжірибелерді қолданудан қаржыны аянып жатқан жоқ. Жыл сайын Краснодар өлкесінің көшбасшы шаруашылықтарынан тәжірибе алмасуға бес-алты маман іссапарға жіберіледі. Өз кезегінде ресейлік мамандар да осы серіктестіктің егіс танаптарына келіп-кетіп, өзара тәжірибе алмасуда.

Биылғы жылы Н.Ілиясов ауылындағы №132 Т.Айтбаев атындағы орта мектепті бітірген екі түлек шаруашылық есебінен Кубань мемлекеттік аграрлық университетінде «Агрономия және топырақтану» мамандығы бойынша тегін білім алуда. Қазіргі таңда жергілікті орта мектептің 45 оқушысын Қызылордадан арнайы фирма келіп, «Ағылшынша сөйлейміз» атты курста оқытып жатыр. Бұл – болашақта ауыл түлектеріне шетелдерде оқуына даңғыл жол ашылады деген сөз. Мұны шаруашылық басшыларының кемел елдің келешегі-білімді ұрпақ екендігін түйсініп отырғаны деу керек. Сондай-ақ, серіктестік мамандары жыл сайын шетелге тәжірибе алмасуға да жіберіледі. Олар бұған дейін күріш өсіру технологиясын зерттеу бойынша Испания, Италия, Түркия, Корея мемлекеттерінде болса, биылғы жылдың қараша айында серіктестік директорының орынбасары Марат Сәрсенбаев пен агроном Кенжебек Әнапияұлы Филиппин елінде болатын «7-ші халықаралық күріш генетикасы» жөніндегі симпозиумға қатыспақшы. Одан әрі мағжандық мамандар тәжірибе алмасу үшін Индонезия, Вьетнам елдерінің күріш шаруашылықтарында болады деп жоспарланып отыр.

Күріш өсіруден мыңжылдық тәжірибесі бар әлемнің мықты елдерімен іскерлік байланыс орнатып отырған серіктестікте олардың көшіне ілесуге бар мүмкіндіктер жасалып жатыр. Қазіргі кезде серіктестікте қара күріш тазалайтын үш зауыт бар. Олардың алғашқысы кореялық зауыт 2008 жылы іске қосылған. 2010 жылы жұмыс істей бастаған қытайлық зауыттың қуаттылығы сағатына 60 тонна болса, өткен жылы іске қосылған германиялық зауыттың қуаттылығы үш есе артық.



Шаруашылықта қазіргі заманауи үлгіге сәйкес жоғары технологиялы тұқым тазалайтын екі зауыт бар. Күріш, жоңышқа тұқымдарын тазалайтын германиялық зауыттар іске қосылған. Сондай-ақ, соңғы үш жылда сыйымдылығы 9300 тонна болатын 8 күріш қоймасы салынған.

Шаруашылықта озық тәжірибелерді қолданудың нәтижесінде күріштің өнімділігі жыл сайын арта түсуде. Сонымен қатар, егіс көлемі де ұлғайып барады. Мысалы, 2008 жылы шаруашылық бойынша 3300 гектар күріш алқабының әр гектарынан орташа 54 центнерден өнім алынса, 2009 жылы күріш егісінің көлемі 3920 гектарға ұлғайтылып, оның әрбір гектарынан 60,5 центнерден өнім алынған. Ал, 2010 жылы егіс көлемі 4050 гектарды құрап, әрбір гектардан алынған өнім 62 центнерге жеткізілді. Соңғы үш жыл көлемінде күріш алқабы 5 мың гектарға ұлғайтылып, орташа өнімділік 63-65 центнерді құрады. Бұл, сөз жоқ, озық технологияларды өндіріске батыл енгізудің нәтижесі. Күрішті ору, бастыру процестеріне шетелдік технологияларды пайдалану да кеңінен жүргізіліп келеді.

Серіктестіктің машина-трактор паркі жыл сайын жаңару үстінде. Биылдың өзінде екі жаңа «John Deere 6770S» комбайны, төрт «John Deere 6770S» тракторы, бір «Mac Don» жаткасы алынған. Осындай шаруашылықтың жаңару, жаңғыру жағдайы биылғы егінді қысқа мерзімде, ысырапсыз жинап алуға жан-жақты мүмкіндік жасамақ.

– Қазіргі таңда өңірде күріш өсіруге облыс басшысы тарапынан қолдау айтарлықтай болып отыр. Субсидия көлемі 18 мың теңгеден 25 мың теңгеге дейін көтерілді. Күріш консорциумы құрылып, Сыр елінің басты дақылының бағасын өз дәрежесінде ұстауға жұмыс жасалуда. Бұл біздің диқан қауымына үлкен күш-жігер береді, – дейді «Мағжан және К» ЖШС директоры Дархан Ералиев.

Міне, ел аузында жүрген «Абзал и К» толық серіктестігі мен «Мағжан и К» шаруашылықтары ауылды гүлдендіріп, ел-халықтың әлеуетін көтеріп қана қоймай, ауқымды шаруаны ғылыми тұрғыдан жетілдіріп, зерттеп, маман-кадр дайындау ісіне ден қойды. Өз өнімдерін экспорттауға келгенде, олардың өнімдерін Ресей, Иран, Әзірбайжан тәрізді мемлекеттер сатып алуға ниеттеніп отыр.

**Еркін ӘБІЛ.**
Сырдария ауданы.

● МӘЖІЛІС

Сәрсенбі күні облыс бойынша кедендік бақылау департаменті жанындағы кеден саясаты жөніндегі консултативтік кеңестің кезекті мәжілісі өтті.

# КЕДЕН ІСІН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Кеңес жұмысын сөз сөйлеп ашқан департамент бастығы Нұрлан Отаров үстіміздегі жылдың сегіз айында атқарылған жұмыстар жайлы баяндап берді. Нұрлан Махмұтұлының айтуынша, осы аралықта облыстың сыртқы сауда айналымы 1 млрд. 34 млн. 201 мың АҚШ долларын құраған. Сондай-ақ мемлекет пайдасына 11 млрд. 648 млн. теңге кедендік төлемдер мен салықтар түсірілген. Бұл тапсырма 104,6 пайызға орындалды деген сөз.

Кедендік аудит бойынша сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың кеден ісі саласындағы қызметіне жүргізілген бес жоспарлы, алты жоспардан тыс және қырық сегіз камералдық тексерулер нәтижесінде 315 млн. 791 мың теңге кеден төлемдері мен салықтары қосымша есептеліп, оның 189 млн. 879 мың теңгесі өндірілген.

Өткен сегіз айда 2859 тауар декларациясы ресімделген болса, оның 630-ы экспорт, 2171-і импорт, қалғаны басқа режимдерге қатысты. Контрабандаға қатысты он үш қылмыстық іс қозғалып, отыз сегіз келіден астам заңсыз айналымдағы есірткі заттары тәркіленген.

Мәжілісте кедендік кірістер басқармасының басшысы Раушан Дәрібаеваның «Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының биылғы 2 шілдедегі және аталған комиссия кеңесінің 25 маусымындағы шешімдері бойынша Бірыңғай кедендік тарифке енгізілген жаңа ставкалар», «КРО» кеден бекетінің басшысы Ардақ Қарлыхановтың «Кеден одағы аясында міндетті талаптар белгіленген өнімдерді (тауарларды) кеден территориясына әкелу тәртібінің ережесі», кедендік бақылауды ұйымдастыру басқармасы басшысының міндетін атқарушы Талғат Төлегеновтің «Халықаралық жүк тасымалы кітапшасын пайдалану арқылы тасымал шарттарының кеден одағы аумағында өзгеруі туралы» хабарламалары тыңдалып, талқыланды.

Мәжіліс соңында сыртқы экономикалық қызметке қатысушы тұлғалар өздерін толғандырған сауалдарына тұшымды жауаптар алды.

**Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.**



# АДАЛДЫҚТАН АЙНЫМАҒАН АРДАГЕР

Жапан түзде көкке қасқая біткен алып дарақ бар. Оған шыжыған аптап, дүлей дауыл әсте қорқынышты емес. Қандай сынақтарға да төтеп беріп, орнынан мызғымайды. Жан-жағына мейірін төгуден жалыққан сәті жоқ. Алыс сапардан титықтаған жолаушы тамырын тереңнен тартқан бәйтеректен сая табады. Өмір аталатын керуенде рухы асқақ нақ осындай жандардың кездесетіні неткен ғанибет. Ондай адамдар тағдыр тезіне ешқашан мойымайды. Керсінше шарболаттай ширығып, шамырқана түседі. Бүгінгі кейіпкеріміз Қазалы ауданының құрметті азаматы, облыстық дәрежедегі дербес зейнеткер Құлмырза Тілеуов туралы осылайша толғануға толық негіз бар.

«Қазыналы қартың жазулы тұрған хатпен тең» Дала ойшылдарының даналығына еріксіз таңдай қағасың. Құлмырзаның ғұмырынан сыр шертсек, нар көтермес жүк болар еді. Көкеміз төскейде малы, төсекте басы қосылған Арал, Қазалы өңірінің ардақ тұтар төл перзенттерінің бірі. Оның өмірдерегін шолып өтсеңіз шытырман оқиғалы әдеби шығарма оқығандай күй кешесіз. Кітап демекші Құлмырза Тілеуұлының қаламгер қауымына да жаттығы жоқ. Олай деуіміздің себебіне тоқталайық. Құлекеңнің ұшқыр ойынан өрілген Сырдың белгілі азаматы, досы Мұстафа Матаевпен бірлесіп жазған «Достарым менің достарым» атты туындысына қоса, «Өмірім-тағдырым», «Көргенім, білгенім, түйгенім» атты кітаптарын оқырмандар жақсы бағалады.

Әдетте «Өткен күнде белгі жоқты» жиі қайталаймыз. Неге болмасын? Елінің өсіп-өркендеуіне үлес қосуды өмірлік қағидасы санаған, осы жолда адалдықтан аттамаған аға буынның кейінгі ұрпаққа мирастар өсиеті аз деймісіз. Тек тыңдар құлақ, ұғар зерде табылсын деп тілейік.

Сонымен... Құлмырза атамыздың өмір жолынан үзінді келтірсек. Қазекеңнің «Болатын баланың бетін қақпа, белін бу» деген нақылы көпке мәлім. Бұл балдай тәтті балалық шақта сотқарлау өсіп, соңынан халық мойындаған тұлғаға айналған кешегі «атамандарға» байланысты айтылғаны хақ.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдар еді. Шыжыған шілде күні. Вокзал ғимаратының алды. Қатарларына қарағанда әлеуетті Құлмырза бірнеше досымен құқық қорғау орындарының қармағына ілінді. Бұларды қызыл жағалылар тәулік бойы қамақта ұстады. Ертеңіне «кінәлі» деп тауып Қарағандыдағы ПЗО-ға балаларды алып бара жатқан составқа тиеп жіберсін. Бір-біріне жалғасып тұрған вагондардың іші өздеріндей өрендерге толы екен. Шешен, кәріс,орыс дейсіз бе, алуан ұлттың өкілдерін жолықтырасыз. Қаракөз қарындастарымыз да баршылық. Бұлар мінген эшелон Қарағандыға тура бір апта жүрді. Кеншілер қаласында моншаға түсіріп, ПЗО-ның арнайы киімін үлестірді. Шахталарға бөлді. Құлмырза №19 шахтаға түсетін болды. Ауыр күндер басталды. Жұмысы адам төзгісіз. Тамақ өлместей етіп беріледі. Көбіне шалақұрсақ жүресің. Төбелестің көкесі асханада орын алып, мықтылар әлсіздің асын тартып ішеді. Мұнда күштілер ғана үстемдік құрады. Қайсар өскен Сырдың ұландары озбырларға топтасып қарсы тұрушы еді. Небір жанжалдарды бастан кешірді. Көп ұзамай бұлар ебін тауып шахтадан қашып шықты. Жол-жөнекей көрген бейнет, тартқан азаптың шегі болмады. Көмір тиеген жүк пойызына жасырынып елге беттеген бұлар вагонның төбесін мекенге айналдырды. Моржаны құшақтап ұйықтауға дағдыланды. Бірде қорқынышты оқиғаны бастан кешірді. Келесі вагонның үстіндегі екі баланың жанына ересектеу жігіттің жақындағанын жанарлары шалған-ды. Бейтаныс бозбала балалардың бірін бар пәрменімен теуіп кеп жіберсін. О, сұмдық. Байғұс бала жүйткіп келе жатқан пойыздың үстінен жанұшыра бақырып, домалап түсті. Пәршепәршесі шықты. Келесі сәтте бұлардың қасына жетіп келген жігіт әйшәйға қарамай Мұхтарды құлаштап салып өтті. Шалт қимылдаған досы қарсы соққы бергенде бұзақы шыңғырған бойы составтың астына түсті. Ақыры ауылға жетті. Көрген қиындық естерінде мәңгі сақталып қалды. Қателіктен қорытынды жасауға тырысты. Сауатсыз адамның күні қараңғы екенін ұққан бұл қалайда білім алуды ұйғарды.

Табиғатынан намысқой Құлмырзаға тұрғыластарынан кейін қалу өліммен тең еді. Сол жігері алға сүйреді. Талмай ізденіп шыңды бағындырды. Алматыдағы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтты бітірді. Еңбек жолын Ақтобе облысы, Ырғыз ауданында бас зоотехник болудан бастады. Небары 27 жасында ірі кеңшарға директор болып тағайындалды. Мұнан кейінгі қызмет сатылары жалғаса берді. Қазалы, Тереңөзек аудандарында ауылшаруашылық басқармасы бастығының орынбасары, «Бірінші Мамыр», «Жаңақұрылыс» кеңшарларында директор лауазымын атқарды. Қандай қызметте, қайда жүрсе де өзіне көрсетілген сенімді ақтай білді.

Елі сыйлаған есікте отырмасы белгілі. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген қайраткері атанды. Ширек ғасыр аудандық, екі мәрте облыстық кеңеске депутат болды. «Құрмет белгісі», «Октябрь революциясы» ордендері, бірнеше медальдармен марапатталды. Ғажабы Құлмырза көкеміз құлын-тайдай тебісіп бірге өскен достарынан ірге ажыратқан емес. Көзі тірілерімен әлі жақын қатысады.

Тағдыр оған Нұрбике сынды адал жар сыйлады. Екеуі жарты ғасырдан астам бір шаңырақтың астында ғұмыр кешті. «Үй болған соң ыдыс-аяқ сылдырамай тұрмайды» деген ұғым бұларға жат еді. Осынау мерзімде ренжіскен кездері болған емес. Тәубе. Бауырынан өрбіген ұл-қыздарынан екеуі 37 немере сүйді. Құлекең мен Нұрбикені тек ажал ғана айырды. Алланың жазуына не шара?! Бұл күні сексеннің сеңгіріндегі Құлмырза ақсақал отбасы, елі-жұрты қала берді күллі адамзаттың мәңгі бейбіт өмір сүруін шын ниетімен тілейді.

**Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.**
Қазалы ауданы.

● ТӘЖІРИБЕ

# КҮРІШТІ СУСЫЗ ӨСІРУГЕ БОЛАДЫ

Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары Қазақстанның барлық өңірлерінде күріш өсіруге болатынын дәлелдеді.

Жаз айларында судың ортасында тұрса ғана өнім береді деп келген дақылды жайылма сусыз-ақ жайқалтып өсірудің мүмкіндігі бар екен. Осы институтқа қарасты «Үшқоңыр» білім тарату орталығының тәжірибелік алқабы қырда орналасқан. Жаңаны көрмекке келгендер осы жерде бас қосты. Жиналғандар алдында сөз алған институт директоры Серік Кененбаев күріш дақылын дәстүрден тыс заманауи технологиямен өсірудің тиімді тұстарына тоқталды.

Күріш – суды өте көп қажет ететін дақыл. Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері болашақта күрішті сулы өңірге жатпайтын жерлерде де өсіруге болатынын, оның тиімді технологиясын өз тәжірибелері арқылы көрсетті. Далалық семинарға жиналғандарға экспериментальды алқапты аралата жүріп, дақылды күтіп-баптаудың жаңа технологиясы жан-жақты түсіндірілді. Мұнда қаз-қатар себілген күрішке 100 күн болған екен. Бір түптен он тал сабақ тарапты. Жап-жасыл болып жайқалып тұр. Ғалымның айтуынша, себуден басталатын, күтіп-баптаудың барлығы басқаша.



Тұқымды әдеттегідей шашып сепкенде, бір гектарға 250-300 келі дән кетеді екен. Ендігі жерде шашпайды, барлығын арнайы агрегат бір жүріп өткенде-ақ атқарады. Агрегат жерді жыртып, әрбір қатарға су тамшылататын таспа тартып, бетіне үлдір-пленканы жауып, екі жағын жел көтеріп кетпес үшін топырақпен қымтап, үлдірді қос қарыс сайын тесіп, тесікке дәлдеп бір-бірден дән тастап кетеді. Техниканың бір жүріп өткені осынша шаруаны бірден тындырады. Бір гектарға 15 келі ғана дән кетеді. Үлдір ауа өткізбейтіндіктен, арамшөпті шығармайды. Тесіктен күріш қана өніп шығады. Арамшөппен күрестің амалы осылайша табылған. Өз міндетін атқарған үлдір жылға жетпей ыдырап, топыраққа сіңіп кетеді. Оның кереметі сол, біріншіден, арамшөпті шығармайтын болса, екінші жағынан аз судың өзін кебуден қорғайды. Нәтижесінде, күріштің түбі көл-көсір сусыз-ақ үнемі ылғалданып тұрады. Тамшылатып суару әдісі су шығынын он есеге дейін азайтуға мүмкіндік береді. Жұмысты атқаруға керекті техника, керек-жарақтар негізінен, Қытай елінде шығарылады. Біздің ғалымдарымыз сол техника мен құрал-жабдықтарды пайдалана отырып, жаңа әдіс-тәсілдер ойлап тапты.

Сол манда төменгі етекте жерасты суы онша тереңде емес екен. Суды электр қуатымен жұмыс істейтін, бірақ тоқты аз қажет ететін 2,5 киловаттық итальялық сорғымен тартып, қыр басына орнатылған 25 текше метрлік ыдысқа жинайды. Ыдысты бір толтырып алғаннан кейін, кранды ашқанда, күннің қызуымен жылыған, екі сүзгіден өтіп тазарған су жоғарыдан төмен қарай өз екпінімен ағып, суландыру таспалары арқылы тарамдалып, қатарларға жетеді. Қажетті тыңайтқыш та суға керегінше қосылып отырады. Су ешқандай ысырап болмайды, тек күрішке ғана қажетті мөлшерде беріледі. Бұл экспериментке екі жыл болған. Өткен жылы мұнда бір гектардан 48 центнерден өнім алынған. Ал облыс бойынша жалпы күріш алу орта есеппен 41 центнерден айналыпты. Биылғы көрсеткіш 50-60 центнерді құрайды деген сенім бар.

Далалық семинарға Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Қарағанды облыстары мен Балқаш қаласынан келген фермерлер, ауыл шаруашылығы мамандары қатысып, жаңалыққа қанықты, ой-пікірлерімен бөлісті. Жиналғандар инновациялық технологияның артықшылығына қызығушылық танытып, болашақта бірлесе жұмыс істеуге ниет білдірді.

**Республикалық «Айқын» газетінен.**




● ТЫҢ ТУЫНДЫ

# ӨЛКЕТАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕК

Елімізде төл тарихымызды түгендеу және жаңаша пайымдау ісіне ерекше мән беріліп отырғаны белгілі. Осынау жұмыстар аясында өлкетану мәселесі негізгілердің қатарында. Өйткені, өлке тарихы – бастау бұлағымыз. Әрбір өлкенің арғы-бергі тарихын зерделеп, жүйелеп, халыққа таныстыруда «Менің Отаным – Қазақстан» сериясы айдарымен шығатын еңбектердің өзіндік маңызы бар. Сыр білімі мен ғылымының қарашаңырағы – Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ғалымдары бұл бағытта белсене атсалысуда. Оған дәлел, «Қазалы» кітабы (авторлары: Б.Кәрібозұлы, Ж.Сәдуақасұлы, Н.Мыңжас, С.Тайман).

Танымдық, тәрбиелік, тағылымдық құндылығы зор бұл дүниеде (көлемі 312 бет) ежелгі өркениеттердің бесігі, талайлы заманда халқымызға пана, ұлтымызға ұя бола білген Сыр өңірі тарихы, әсіресе, Қазалыға қатысты тұстары тереңнен тарқатылған. Авторлар өлке дамуының әр кезеңі бойынша мол мағлұматтар келтіріп, басқа авторлардың еңбектерін де сәтті пайдалана білген.

«Қазалы – құт мекен» атты алғашқы тарауда ауданның физикалық-географиялық, табиғи-климаттық, шаруашылық жағдайлары, флорасы мен фаунасы, жерасты қазба байлықтары туралы қысқа да нұсқа материалдардан жүзеге асуы мүмкін жобалар кешенінің кемел келешегін бағамдайсыз.

Ежелгі арий, сақ, оғыз, ғұн, қаңлы, кердері тайпаларының мекендері, қалалар, астаналар, кесенелер орын тебуі Сыр өңірінің қасиеті мен киесін айғақтай түскендей. «Ғасырлар тереңінен тамыр тартқан» атты тараудан Сыр бойы, оның ішінде Қазалы жеріндегі тас және қола дәуір ескерткіштері туралы мәліметтерге, аталған дәуірлерден орта ғасырларға дейінгі тағдыршешті оқиғаларға қаныға түсеміз. Қазалыны өркениеттер жаңғырығы іспетті астаналар өлкесі санатына жатқызу заңды. Бұған аудан жеріндегі Жанкент қаласының IX-XI ғғ. оғыздардың астанасы болғаны дәлел. Кітаптағы Жанкентке, оғыз-қыпшақ, Алтын Орда дәуірінен қалалар мен ескерткіштерге қатысты ежелгі жазба деректерден үзінді, аңыздар, әдеби мұралар, соңғы кезеңдердегі зерттеулердің нәтижелерінен тұратын мол мағлұмат нәріне көзі қарақты оқырманның сусыны қанатыны айқын.

Моңғол шапқыншылығы, қазақ хандығының қалыптасу кезеңдеріндегі оқиғалар, жоңғар шабуылдары өлкемізді айналып өтпегені мәлім. Алмағайып заманда Сыр бойы халқымызға пана да, сая да болғаны «Тарих толқынында» тарауында көркем әдіптеледі.

«Бодандық бұғауында» тарауында Қазалы жерінің XIX ғасырда Орта Азия хандықтары мен Ресей империясының тартыс алаңына айналғаны айтылады. Тарауда келтірілген материалдардан осы топырақтан азаттық сүйгіш, рухы асқақ тұлғалардың, ізгілік пен білім нұрын сепкен ағартушылардың, суырып салма сүлейлердің көп шыққанын байқаймыз. Бұл феноменнің кездейсоқ еместігіне кітаптың өне бойынан жауап тапқандаймыз. Тарауда Қазалы уезінің құрылу тарихы, ондағы халық құрамы, олардың ара салмағының өзгеру жылдамдығы, оқу-ағарту ісі мен мәдени, әлеуметтік-экономикалық салалардың даму барысы туралы талдамалық мәліметтер беріледі.

Өңірдегі тарихи-мәдени мұраларға арналған тарауды оқып отырып, аудан жерінің ғажайып ескерткіштер – жәдігерлер галереясы екеніне шын мәнінде көз жеткіземіз.

«Азаттық жылдар – азаптық жылдар» тарауы Қазалы ауданының 1917-1940 жылдардағы тарихнамасы десек те болады. Кеңес өкіметі орнаған алғашқы жылдар күрделі де қайшылықты болғаны белгілі. Елді тығырықтан шығаруға Ғ.Мұратбаев сынды өз көшбасшысымен бірге өңір жастарының да белсене атсалысқанын оқырманның ұғына түсетіні анық.

Тарауда 1928-1937 жылдардағы оқиғаларға үлкен көңіл бөлінеді. Екінші тоқталатын мәселе 1930 жылдардағы кеңестік нәубет-зобалаң. Тарауда ұлт зиялыларына жүргізілген репрессияның себеп-салдары екшеленіп қана қоймай, осы жылдары экономика мен білім берудегі жетістіктер, мәдениетті жаңғырту, медицинаның аймақтағы алғашқы қадамдары тыңғылықты сөз етіледі.

Екінші дүниежүзілік соғыста асқан ерлік көрсеткен, қаза тапқан, хабарсыз кеткен қазалылықтар жайлы тарауды оқығанда кімді болса да тебірену сезімі баурайтыны табиғи нәрсе.

«Бейбіт өмір. Екпінді еңбек» тарауында сұрапыл соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру жұмыстары, аудан экономикасының өсу-өркендеу жылдары баяндалады.

Соңғы тарау «Елдікті жырлар ерікті жылдар» аталыпты. Мұнда экономикасы серпінді дамып келе жатқан ауданның білім, ғылым, спорт, мәдениет, медицина, құқық қорғау саласындағы табыстары нақты деректермен дәйектеледі.

Аталған еңбекте ауданның тарихы толықтай қамтылды деуден аулақпыз. Жазылмаған жайлар, аталмай қалған тұлғалар әлі де жетерлік. Олқылықтардың орын алуы «Менің Отаным – Қазақстан» сериясындағы еңбектерге қойылатын қатаң талаптар шеңберінен туындаса керек.

Төл тарихын білу – азаматқа парыз. Әрбір ауылдың, әрбір ауданның, әрбір өлкенің тарихын жазу мәселесі күн тәртібінен түспеуі тиіс. Сонда ғана орталық ғылыми ұйымдар қолға алып отырған Отан тарихын жазу ісі жемісті болмақ.

**Қали ОМАРОВ,**
**ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері.**

# ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕУ – ОРТАҚ ІС

**Облыстық салық департаментінің ұйымдастыруымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру – баршаға ортақ іс» тақырыбында семинар-кеңес өткізілді. Оған құқық қорғау органдары мен «Нұр Отан» ХДП-ның басшылары және мемлекеттік қызметшілер қатысты.**

●СЕМИНАР

Семинарды ашқан облыс прокуроры Сапарбек Нұрпейісов Елбасы «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында мемлекет пен қоғам алдында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту қажеттігін атап көрсеткенін айтып өтті. Шындығында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ешқашан толастамайды. Ал, ең бастысы, оған жол бермеудің алдын алу қажет. Бұл орайда қоғамдағы қандай да бір қылмысты болдырмауға жол бермеу керек.

Мұнан кейін баяндама жасаған облыстық салық департаментінің басшысы Әлібек Тілегенов салық органдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте қандай шаралар жүргізіліп жатқанынан хабардар етті. Атап айтқанда, қазіргі күні салық төлеушілер үшін салық және басқа да төлемдерді төлеу мақсатында электрондық жүйе енгізілген. Салық төлеушілерге көрсетілетін 33 қызметтің жиырмаға жуығы осы электронды қызмет арқылы көрсетіледі. Бұл өз кезегінде салық төлеушілер үшін өте үлкен жеңілдік әрі ол қызметкерлердің құқық бұзушылыққа жол бермеуіне септігін тигізеді. Сондай-ақ, облыстың салық органдарында сенім телефоны мен арнайы арыз-шағым қабылдайтын жәшіктер орнатылған.

Семинарда осындай хабарлама жасаған облыс прокуратурасының әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты қадағалау басқармасы бастығының орынбасары Ербол Сейітжанов, облыс бойынша экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі департаментінің сыбайлас жемқорлық істерді ашу және алдын алу басқармасының бастығы Нұржан Сәрсенбаев қоғамдағы індетті алдын алудың барысында атқарылған жұмыстар жөнінде айтып өтті. Сондай-ақ, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департаменті басшысының орынбасары, Тәртіптік кеңес хатшысы Нұрлан Әбдікәрімов пен «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Өлмесхан Болатбеков сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы күрес жүргізу мақсатындағы келелі мәселелерді ортаға салды.

**Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.**



СЕЛОЛЫҚ ТҰТЫНУ КООПЕРАТИВІ

# КООПЕРАЦИЯ АУЫЛ ПРОБЛЕМАЛАРЫН ШЕШЕДІ

**Ел Президенті Жарлығымен жақында бекітілген жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын жүзеге асыруда саяси жағынан да, әлеуметтік – экономикалық тұрғыдан алғанда да елді мекендердегі шаруашылық орындары мен кәсіпкер ұйымдардың басын қосып өндірістің де, ауылдың да болашағын ойластыратын, жергілікті өзін-өзі басқару мен мемлекеттік биліктің өзара іс-қимыл әрекетін қалыптастыратын бірден-бір құрылым – тұтыну кооперативтері.**



Селолық тұтыну кооперативтері қоғамдық ұйым емес. Оларды жергілікті өзін-өзі басқару тұрғысында қызмет ететін, ауыл әкімінің жұмысына жан-жақты қолдау көрсететін үкіметтік емес ұйым деп қарау лəзім.

Яғни, жергілікті өзін-өзі басқару ұйымына бірігу адамдардың тұрғылықты мекен-жайының ортақтығымен айқындалады. Демек, селолық тұтыну кооперативтері қызметі белгілі бір аумақ, әкімшілік көлемінде шектелетін, тұрғындардың аймақтық (ауылдық) қауымдастығы болып есептеледі. Бір сөзбен айтқанда, олар – ауылдық елді мекендердегі қоғамдық билік тетігінің негізгі бір формасы, бір түрі.

Жақында өткен Парламент сессиясында Елбасы: «Ауылдық деңгейге қосымша 67 мемлекеттік функция бекітілді. Бүгінде ауыл әкімдері салық жинауға, бюджетті қалыптастыруға және жергілікті проблемаларды тұрғындардың өздерін қатыстыра отырып шешуге қаржы бөлуге құқылы», – деп ерекше атап көрсетті. Демек, ауыл өмірінде айтарлықтай игілікті істер атқарылмақ.

Облыстағы 700 мың халықтың 400 мыңнан астамы ауылдық жерлерде тұрады. Осыған орай, облыс әкімі Қырымбек Көшербаев биылғы тамыз айындағы облыстық мәслихат сессиясында аймақты дамыту мәселесінде ауыл тұрғындарының сапалы өмір сүруі мен жұмыс істеуіне ыңғайлы жағдай жасауды негізгі міндет етіп қойды.

Бұл, әрине өңірдегі ауыл шаруашылығын дамытуға тікелей байланысты. Саланы қолдау үшін еліміз бойынша биылғы жылы 5,5 млрд. теңге қаржы қаралып, ол 2012 жылмен салыстырғанда 40 пайызға немесе 1,5 млрд. теңгеге артқан. Бұдан басқа республикалық бюджеттен шағын несиелендіруге (3 млрд. теңге) қол жеткізіліп, ауылдағы шаруа қожалықтарын, сондай-ақ, «Аграрлы несие корпорациясы» акционерлік қоғамы арқылы ауылдық несие серіктестіктері мен ауылдық тұтыну кооперативтерін қаржыландыру ісі жүзеге асырылмақ.

Облыста тек күріш шаруашылығын дамытуға байланысты талдау жасағанда 18 шаруашылық (егіс көлемі 19,3 мың гектар) ауылдық (селолық) тұтыну кооперативтері арқылы қаржыландыру жолын таңдап отыр.

Алайда, бұл мүмкіндіктерді аудандарда, ауылдық аймақтарда түсіндіру жұмыстары өз деңгейінде емес. Бұл бағытқа әзірше Сырдария, Шиелі және Қазалы аудандарының шаруашылықтары біршама қызығушылық білдіруде.

Ауыл шаруашылығы саласындағы кооперация жүйесі бүкіл әлемдік елдерде шаруашылық жүргізудің негізгі тиімді тетігі болып саналады. Дамыған елдерде ауыл шаруашылығын субсидиялау арқылы қолдау жолға қойылған. Бұл жөнінде біздер мерзімді баспасөз беттерінде облыстағы ауыл кооперативтері ұйымдастырып жатқан игілікті істер мен проблемалық мәселелер жөніндегі пікірімізді білдіріп келеміз.

Осы мақсатта облыстық СТК қауымдастығы 2012-2013 жылдарда Арал ауданындағы “Шижаға”, “Қаратерең”, Жаңақорған ауданындағы “Жаңақорған”, “Қожамберді”, “Қазына”, Шиелі ауданындағы “Қарғалы”, “Шиелі кенті”, Қазалы ауданындағы “Жаңару”, “Парасат”, “Қазалы келбеті» СТК негізгі қызметтеріне қоса елді мекендерді көркейту, көгалдандырудағы жұмыстарына жан-жақты талдау жасады.

Облыстық СТК қауымдастығының негізгі мақсаты – облыстағы селолық тұтыну кооперативтері қызметінің жариялылығын қамтамасыз ету және барынша қолдау көрсету болып табылады. Қазіргі күні кооперациялау ісінің дамымай жатуының басты себебі – тұтыну кооперативтерінің жұмысын ұйымдастыруға білікті, іскер, адал қызмет атқаратын басшы кадрлар шыға бермейді.

Егер ауыл шаруашылығындағы коммерциялық емес кооперативтерді классификациялар болсақ, оларды қызмет ету түрлеріне қарай мынадай топтарға бөлуге болады: функционалды – қайта өңдеуші, сатушы, қамтамасыз етуші, техникалық қызмет көрсетуші, салалық – егіншілік, мал шаруашылығы, аралас; аймақтық кооперативтердің өзіне ұқсас әріптестерімен кең аймақтық көлемде бірлесуі. Ал, көлеміне қарай шағын, орта және үлкен кооперативтер болып бөлінеді.

Шаруалар ауылшаруашылық кооперативін құрып, оған өздері ие болып, өздері басқарып, өздері жұмсайтын жағдайда ысырапсыз, артық шығынсыз үлкен үнемге ие болады және жаны тынышталады. Осылай бірте-бірте жиналып, кооперативтің қызмет аясын, мүшелерінің санын арттыру арқылы кеңітуге және оны жер жырту, тұқым себу, егін орағы секілді істерді атқара беретін әмбебап етіп жасауға болады. Ал шаруа бұрынғыша өз жеріне өзі ие, кооперативке келісілген істерден басқасын өзі атқарып, жыл соңында өз өніміне өзі ие болатын жағдайды да ойластыруға болады. Мәселе қалай келісіп, қалай шарттасуда.

Мысалы, биыл Сырдария ауданындағы С.Сейфуллин ауылындағы шаруалар «Қамқор» СТК бірігіп (төрағасы Мейрамбек Сейітмұратов) 500 гектар жерге күріш дақылын екті. Әрине, бұрын тұралап қалған шаруашылықты қайта қалыпқа келтіру жеңіл шаруа емес. Кіріс бар жерде шығыс та бар ғой. Күріш тұқымына, тыңайтқышқа, жанар-жағармайға, аяқ суға, егінші-механизаторлардың еңбекақыларына өздерінің есебі бойынша шамамен 52 млн. 85 мың теңге қажет екен. Бұл – шығыс. Ал, кірісі – егер 500 гектар жердің әр гектарынан орта есеппен таза 30 центнерден өнім алса, оны 30 теңгеден сатқанда 45 млн. теңге болмақ, оның үстіне субсиядан түсетін 13 млн. теңгені қоссаңыз 58 млн. теңге кіріс болады. Демек, көп болмаса да пайдамен шығуға болады. Егер өнімін 40 теңгеден сататын болса, қосымша тағы да 15 млн. теңге түсер еді. Онда шаруашылықты дамытуға мүмкіндік туады. Осыны ескерген облыс әкімі күріш өндірісінің орынсыз зиянды шаруашылыққа айналып келе жатқанына ерекше назар аударып, өнімнің тиімді бағамен сатылуын ұйымдастыруға орынды талап қойды.

Өздерінше тіршілік жасап жатқан саны бар да берекесі жоқ ұсақ шаруашылықтар ешқашанда жаңа техника алуға, қаржылық жеңілдіктер, жанаржағармай, тыңайтқыштар, пестицидтер, қосалқы бөлшектер алуға қол жеткізе алмайды. Ал кооперацияға бірігудің артықшылығы мынада: мұнда арнаулы маман есеп-қисап жүргізетін бухгалтер ұстауға болады. Кооператив мүшелерін белгілі бір салаға мамандандыруға, олардың жауапкершілігін көтеріп, әрбір істің тиімділігін арттыруға мүмкіндік бар. Ауыспалы егісті енгізу және заманауи техникаларды пайдалану мүмкіндігі де артады. Ең бастысы, ортақ табыс әркімнің үлесіне қарай бөлінеді және кооператив ішінде әркімнің алғашқы жеке меншік үлесі сақталады. Өз пайымен қалаған уақытында кооперативтен шығуына болады. Ал қазір, ауылда екінің бірі шаруа қожалығының президенті, төрағасы атанып мөр ұстағанына мәз.

Ауыл шаруашылығын тығырықтан шығару жолдары Елбасының Жолдауында жақсы келтірілген. Онда тауар өндірушілер өнімдерін сатуда арада жүретін бірнеше сатылы саудагерсіз тікелей рынокқа шығып, нарықтық бағамен өткізуіне мемлекеттік қолдау механизмін енгізу жүктелген. Елбасының осы тапсырмасы орындалса ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілердің табысы өсіп, олар өндірісті инновациялық технологияға ауыстыруға, өнімдерін нарықтық бағамен сатуға да мүмкіндік алған болар еді.

Ал енді ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын несиелендіру жайына келейік. Мысалы, 2012 жылы ауыл шаруашылығына небәрі 295,9 млрд. теңге, немесе жалпы еліміз бойынша несиелердің 3 пайызы ғана берілген. Осы ауыл шаруашылығына тиесілі несиенің 104,1 млрд. теңгесі (35 пайызы) Алматы қаласына, 88,9 млрд. теңгесі (30 пайызы) Астана қаласына берілген. Яғни, ауыл шаруашылығы саласына берілген несиелердің 65 пайызы ауыл шаруашылығымен айналыспайтын еліміздің екі үлкен қалаларында қалып қойған. Қалған несиелердің басым бөлігі Қостанай (42,0 млрд. теңге, 14 пайыз) Ақмола (13,3 млрд. теңге, 4,5 пайыз) және Солтүстік Қазақстан (7,5 млрд. теңге 2,5 пайыз) облыстарының астық өндіретін ірі шаруа қожалықтарына беріліп, басқа облыстар шаруаларына қаржы қарастырылмаған деуге болады.

Мемлекеттік несиелендіру мәселесі шаруа қожалықтарының көлеміне, өндіретін өнім мөлшеріне қарай шешілуін заңдылық деп түсінуіміз керек. Ал енді, біздің облысымыздағы шаруа қожалықтарының саны 3 мыңнан асады. Әрбір ауылдағы 20-30 қожалықтарға несие үлестіру мүмкін де емес. Демек, мемлекеттен көлемді несие ала алмай жатуымызды өз кемшіліктерімізден көруіміз керек.

Сондықтан бұл жерде ең тиімді шешім – несие тұтынушылары әрбір елді мекенде бір-бірден ұйымдастырылған ауылдық (селолық) тұтыну кооперативтері болуға тиісті. Екіншіден, оның қызметінің тиімділігі – коммерциялық емес болуында. Бюджет есебінен, болмаса басқа да қаржы көздерінен ауылдық жерлерде атқарылатын жұмыстарды СТК-лар арқылы жүргізгеннен ешкім ұтылмайды. Қаралған қаржы нақты шығынға жұмсалар еді, сырттан келетін кәсіпкерлік құрылымдарының пайдасына кетпес еді.

Ауылдық округтердің әкімдері шаруа қожалықтарының жұмысымен жақсы таныс. Кімнің қолынан не келеді, қорасы сай ма, қолындағы малы қанша, несие тарихы қалай, бұрын несие алған ба, жоқ па осының бәрін ауыл әкімі беске білуі керек. Жергілікті әкімдердің беделін көтеріп, оларды жұмысқа қоспай ештеңе өзгермейді. Бұған олардың қабілеті де, жауапкершілігі де, білімі де жетуге тиісті. Бұл жердегі мәселе, ауылға бөлінген қаражатты шаруаның қолына тигізуде болып тұр. Қаптаған құжаттарды мейлінше азайтып, құжаттардың ретін ауыл әкімі шешетіндей жасаған жөн сияқты. Бұл орайда, шаруа қожалықтары ауылдық тұтыну ұжымдарына біріксе, ауылдың ауған жүгі жылдамырақ түзелмек.

Ауылдағы шаруа қожалықтарының жұмысын дамытып, ауылдың әлеуметтік-экономикалық, мәдени бейнесін жаңа заман талабына сай қалыптастыруда республика бойынша шешімін таппай келе жатқан мәселе, ол арнайы мамандандырылған ауыл банкі болмақ. Оның орнын бізде тек пайда табуды мақсат етіп отырған түрлі коммерциялық банктер атқарып отыр. Оған «ҚазАгро» да, Министрлік те, тіпті Министрлер кабинеті де әсер ете алмайды. Бұл мәселе Ресейде өте жақсы шешілген. Онда ауыл банкі мемлекеттен ауылға деп бөлінген түрлі мақсаттағы қаржыны жеткізіп қана қоймай, оның тиімді пайдаланылуын қадағалап, жауап береді. Тіпті дағдарыс кезінде банктер өздерінің несие пайызын көтеріп отыратын болса, Ресейдегі ауыл банкі дағдарысқа дейінгі пайызды қалдырған. Өйткені несие пайызын көтеру дегеніміз, ауылдағы мекемелерді қайтадан банкротқа ұшыратумен бірдей болар еді. Онда ауыл шаруашылығына деген қамқорлық есебінен өсімдік шаруашылығымен айналысатын фермерлердің алған несиесінің пайыздық ставкасының 80, ал мал шаруашылығымен айналысушылардың несиесінің пайыздық ставкасының 100 пайызын үкімет жабады. Яғни, бұл – ауыл шаруашылығы өндірісімен айналысатын адамдардың қатарын өсіру мақсатында жасалып отырған шара. Яғни ауыл банкі – мемлекеттің ауыл шаруашылығы саясатын жүзеге асыратын бірден-бір құрал. Демек, бізде де осындай банк ашылып, ауыл тұрғындарына шын мәнінде жанды қолдау көрсетілсе, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін ауылдағы тұтыну кооперативтері арқылы шешуге толық мүмкіншілік болары даусыз.

Болашақ – кооперацияда! Кооперативтерге кімдер бірігуі мүмкін? Оған жеке шаруашылық ісін жөнді жүргізе алмай жүрген шаруа, қабілетті болғанымен қаржысы жетіспей, шаруасын дамыта алмай жүрген ауыл кәсіпкерлері, ауылда жер үлесін иеленіп қалған әлеуметтік және өзге де саланың қызметкерлері кіруі мүмкін және олай етсе, дұрыс жасағаны. Кооперация – кедейдің одан әрі кедейленіп, байдың байи түсуіне жол бермейді. Ол қолы қысқа кедейлер мен орта шаруалар үшін керек. Кооперация – ірі байлық иесінің жанына орналасқан ұсақ шаруаны қолдан банкротқа ұшыратып, жұтып қоймауына кепілдік. Еуропа Одағы елдерінің ұлттық табысының 2,5 пайызы кооперативтердің үлесіне тиеді, оның 60 пайызы ауыл шаруашылығы өнімдері. Одаққа кіретін елдердегі жұмысқа жарамды тұрғындардың 45 пайызы кооперативтер құрамына кіреді. Олар өз өмірін кооперативтердің қызметін пайдалану арқылы жеңілдетуге әбден үйренген. Міне, қорыта келгенде селолық тұтыну кооперативтерінің ауыл шаруашылығы саласындағы рөлін осылай тұжырымдауға болады.

**Сәмит ДАЛДАБАЕВ,**
**облыстық селолық тұтыну кооперативтері қауымдастығының төрағасы.**

# Ер мерейі

**Мұрат Бақтиярұлы,**
**Жабал Ерғалиев,**
**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары**



Қойнауы құт қазақ даласының Сыр өңірінің қасиетті топырағынан жаралған жақсылар мен жайсандар қатарының күні бүгінге дейін сиремей келе жатқандығы бар. Ел мен ер қасиеті тоғысқан аралдың арлы азаматтары бүгін де өз биіктерімен, қажырлы да адал еңбектерімен танылып, сүйсіндіріп-ақ келеді. Әсіресе, ел тарихында, соның ішінде тәуелсіздік алған кезеңдерде сол бір өтпелі шақтың қиыншылықтарын жеңіп шығуға және де қазіргі өркенді ісімізге елеулі үлес қосқан азаматтар атын атар болсақ, сол тізімнен бұл күндері Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Қожахмет Баймахановтың да алар орны бар.

Өмірден көргені де түйгені де мол Қожахмет Мәдібайұлы Баймаханов сенаторлықтың сеніміне ие болмастан бұрын, ауыл шаруасына ерте араласқан әр қазақ ауылының баласына тән ортадан шыққандығын айтайық. 1953 жылдың сарыла күзінің бояуы енді-енді қаныға бастаған қыркүйек айында Қызылорда облысының Жалағаш ауданында дүниеге келген Қожахмет Мәдібайұлы сол тұстағы ауыл балалары сынды ол да үй жұмысына да, сол кездегі шаруашылық жұмыстарына да ерте араласты. Өз үйінің азын-аулақ малын бақты, шөп шапты, отын жиды, колхоз бен совхоз атаулының тіршілігіне қолғабыс жасады. Сол тұстағы ауыл тіршілігі мен шаруа жайын бала кезден көріп, танып өскен бала Қожахмет белі талып, шаршап, шалдыққан кездерінде үлкен қалаларға барып білім алуды, сол кездегі шаруасы берекесіздеу және тұрмысы жұтаң ауылы мен өз ауылдастарының жағдайларын жақсартуды армандайтынды. Сыр өңірін көркейтсем екен деген бала қиялымен де шартарапты шалатыны бар-ды.

Сол баландау қиялмен жүріп, орта мектепті де бітірді. Әріге тартар арманы қаншалықты жетелегенімен де әуелі біршама уақыт еңбекке араласуына да тура келді. Жұмыс істей жүріп, жоғары білім алуды да есінен шығармады. Қияға қанат самғатар қиялымен сол кездері екінің бірі қолы жете бермейтін Томскідегі атақты инженерлік құрылыс институтына оқуға да түседі. Айта кетейік, бұл оқу орнына Қазақстанды былай қойып, сол кездегі Кеңес Одағының әр республикаларынан келіп оқуға түсіп, білім алу оңай бола бермейтін-ді. Кезінде атақты қазақ ғалымы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев оқыған Томскінің бұл оқу орнында білім алудың бағы Сыр өңірінің талапшыл да арманшыл бір баласы Қожахметке бұйырғаны бар.

Қазақстанның түстігімен шекаралас жатқанымен, өзінің туып өскен Сыр елінен шалғай тартқан Томск қаласының әуелгі тіршілігі студент Баймаханов үшін тосындау көрініп, жанының жабырқаған шақтары да аз болмады. Алайда сергек те сері жаралған мінезінің ірілігіне басып, Қожахмет те әр ұлттан құралған студенттер ортасына тез сіңіп кеткен болатын. Жаны жайдары жаңа достар да тапты. Жақсы білім алсам деген саналы көкейіндегі оймен институт аудиториясындағы әр сабақты қалыс қалдырып көрген емес. Сөйтіп, қияндағы Сыр өңірінен арман арқалап келген Қожахмет те жоғары білімді құрылысшы мамандығы бойынша диплом алып шықты.

Алда өмір бар еді. Жас маманның алғашқы кәсіби еңбек жолы өзінің туған жері Жалағаш кентіндегі №1605 жылжымалы механикалық колоннадан басталды. Бала кезінен шаруамен пісіп өскен және де Томскінің институтынан жан жақты терең білім алған Қожахмет Баймаханов аз уақыттың аралығында өзінің білімділігімен де, іскерлігімен де, ұйымдастырушылық қабілетімен де көзге түсе білді. Жақсы көрінейін деген іштегі бір бақай есеппен емес, өзінің туа бітті жігерлі де әр іске деген жауапкершілігімен де ол жұртты сүйсіндіре білді. Сонан да болар, көп ұзамай Қожахмет Мәдібайұлы №27 жылжымалы механикалық колоннаның директоры қызметіне жоғарылатылады. Небәрі 29 жасында басқарушы қызметке келген Қожекең сенімнен шығып, өзінің үлкен ұйымдастырушылық қабілетін таныта білді. Осы арада айта кететін бір мәселе, Баймаханов қызмет атқарған және ол басқарған құрылыс мекемелері сол өңірдің экономикасын дамытуға әрдайым зор үлес қосып отырды. Соның бір айғағындай, Жалағаштың болсын, одан қалды сол өңірдің әр ауылының осы күнге шейін ажарын ашып, көркін келтіріп тұрған нысандар Қожахмет Мәдібайұлының өз туған жеріндегі айшықты қолтаңбасындай болып асқақтап тұрғаны бар. Қожекең өз қолымен тұрғызған үйлер мен жайлар, қырмандар мен егінші қостары, мал қоралары күні бүгінге дейін ел игілігіне жарап тұр.

Сөйлесе, сөзі де ірі, жасаса, шаруасы да ірі Қожахмет Баймаханов 1989-1994 жылдары бұрынғы Калинин, кейін Бұқарбай батыр атындағы кеңшарда директор болған жылдарының жеміссіз болмағандығы осы күнге дейін көрініс беріп тұрғаны бар. Қожекең бұл ауылды гүлдендіріп кетті.Мұны өз ауылдастары қазіргі күнге дейін ауыздарынан тастамай айтып отырады. Сол жылдары ауданды былай қойып, Сыр өңіріндегі іргелі шаруашылыққа айналған Бұқарбай батыр ауылы бұл күндері де тәуелсіз еліміздің бай да бақуатты, шаруасы дамыған, іргесі берік ел болып отыр.

Бұл ауыл тіпті КСРО-ның күйреуі тұсындағы және тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиыншылықтардан да қиналмай өтті. Өйткені ел тізгіні Баймахановтай білікті де байыпты басшының қолында болатын. Сол тұстағы шаруашылықтарды жекешелендіру кезінде мал да, жер де,түрлі игіліктер де ауылға жаны ашымайтындардың қолдарында кеткені де аз болмады. Берекесіздік содан басталғандай еді. Алайда Қожахмет Баймаханов ауыл игілігін тістегеннің аузына, ұстағанның қолына беріп жібермеді. Қолынан іс келеді-ау деген арлы да жанашыр ел азаматтарына жол ашты. Сол тұста бағаның шексіз өсуі және де жұмыссыздықтың жаппай белең алуы түрлі қыншылықтарды да алға тартты. Бұл кеңестік жоспарлы экономиканың салдары болатын. Сол енді елді есеңгіретпей де кетпеді. Бұл жылдардағы экономикалық қиыншылық саяси қиыншылықтан да ауыр тиді. Нарық экономикасының заңдылықтарын бірлі-жарым адамдардың түрлі оқулық кітаптардан оқып білгендері ғана болмаса, ел халқының, әсіресе ауылдықтардың басым көпшілігі, тіпті түгелге дейін нарыққа дайын болмай шықты. Жетпіс жыл бойы «үкімет асырайды, өлтірмейді» деген қағиданы санасына сіңіріп, жоспарлы экономикаға бой үйретіп алған халық нарық экономикасы есік қағып келгенде не істерлерін білмей аңтарылып қалған-ды. Тіпті өндіріс және шаруашылық басшыларының өздері де өз беттерінше шешім қабылдауға, қандай да бір әрекет жасауға дәрменсіз болып шықты. Бұрын бәрі де жоғарыдан шешілетін. Өнімге сұраныс беру, өндірілгенін басқа жаққа жіберу, бағасын қою, не өндіру және қанша өндіру мәселелері жоғарыдан жоспарланатын. Қожахмет Мәдібайұлы Баймаханов осындай қилы заманда шаруашылықты басқаруына тура келді. Ол бұл сындарлы кезеңнен де абыройлы шығып, 1994 жылы тәуелсіздік жылдарындағы алғашқы шақырылған Жоғарғы Кеңестің депутаты болып сайланды. Бұл ел сенімі еді. Сол сенімді ақтау жолында Қожахмет Баймаханов күні бүгінге дейін жарғақ құлағы жастыққа тимей дегендейін қызмет жасап келеді.

1997 жылы Қожахмет Мәдібайұлына үлкен сенім артылып, ол Жалағаш ауданының әкімі қызметіне тағайындалды. Аудан әкімі қызметін де дөңгелетіп ала жөнелген іскер азаматқа көп ұзамай Қызылорда қаласының әкімдігі жүктелді. Ол бұл қызметті 1999-2005 жылдар аралығында атқарды. Бес жылдан астам Қызылорда қаласының басшылығы тізгінін ұстаған Қожахмет Мәдібайұлының нағыз ұйымдастырушылық қабілеті мен іскерлігі, табандылығы осы бір аралықта жарқырап көрінді.

Қызылорда қаласының қордаланып қалған мәселелері де жетіп, артылатын.Соңғы жылдары жаңа құрылыс нысандары аз салынғандығы да байқалатын. Жел тұрса болды көшелерінде құмды құйын ойнап шыға келетін қаланы абаттандыру бірінші кезекте және де жатпай-тұрмай атқаратын іс екендігін іскер де тәжірибелі басшы бірден ұғына білді. Қызылорданың жаңа әкімі Баймаханов әуелі қаланың тар көшелерін кеңейтуді және жаяу жүргіншілер мен көлік жолдарын дұрыстауды қолға алды. Бей-берекет өсіп кеткен түрлі ағаштар мен талдардың өздерін де қырықтырып, күзеттіріп те, түзеттіріп те сәндендіріп бақты. Сол кезде қала әкімі Баймахановқа «ағаш шаштаразысы» деген ат та таңылды. Ал кей жағдайда көшелерді кеңейту үшін ағаш атаулыны кесуге де тура келетіндігі де болады. Орыс ойшылы В.Ключевскийдің «үлкен істердің алдын ала қарастырылып, жете ойластырылып толып жатқан ұсақ-түйектерден тұратындығын» айтқанын еске алар болсақ, Қожахмет Мәдібайұлының бұл ісінен үлкен жанашырлық пен іскерліктің белгісі деп таныған абзал. Қаржы тапшылығына да қарамастан, Қожакеңнің Қызылорда қаласын абаттандыру үшін жасаған, сол кезде бастаған еңбегі қазір өз жемісін беріп те келеді. Қала басқару өнерін жетік меңгерген Қожахмет Мәдібайұлының ұйымдастырушылық қабілетін ұлы ойшыл Әбунәсір Әл-Фарабидің «Қаланың шын билеушісі – қалаларды басқарғанда өзі қолданатын өнерде өзі үшін және қаланың басқа тұрғындары үшін басқару өнерінің шегі жеке мақсаты болып табылатын бақыт орнатуды өзінің талабының мақсаты және өмірлік ісі етіп қоюшы адам. Ізгі қала билеушісінің ең бақытты адам болуға тиістілігі логикалық қажеттілік болып табылады, өйткені, қала тұрғындарының бақытқа жетуіне оның өзі себепші болады», деп айтқан сөзімен де бағалауға болар еді. Иә, Қожахмет Мәдібайұлының қала басқарудағы және оның тұрғындарын игілікке кенелтудегі табыстарын осылай бағалаған да дұрыс. Халық іс жүзінде жасалынған, көпшілікке шапағатын тигізген әрекеттерді ғана танып, құрметтейді. Басқарушылық қызметтегі адам да өзінің неге тұратынын тек халықтан, оның алғысы мен ризашылығынан ғана біле алады. Ежелгі Қызылорданы абаттандыру мен көркейтудің Қожахмет Мәдібайұлы Баймаханов салып кеткен сара жолы өзінің өміршеңдігімен де, маңыздылығымен де ерекшеленетіні бар. Күні бүгінге дейін Қызылорда қаласының соңғы жылдардағы келбеті туралы сөз қозғала қалса болды, бес жыл бойы осы шаһардың мэрі болған Қожекеңнің еңбегі де үлкен бір ризашылықпен ауызға алынбай, сүйіспеншілікпен аталмай қалмайтындығын көріп те, естіп де жүрміз.

Азамат Қожахмет Баймаханов – өзі туып өскен ауылы мен ауданына да, Сырдың елі мен жеріне де адал қызмет етіп, туған халқының алдындағы перзенттік парызын бір адамдай-ақ толығымен өтеп келе жатқан қайраткердің бірі.

Әр адамның атқарған кез келген қызметі әуелі оның нәтижесімен бағаланса керек. Әсіресе, басқару ісіндегілер жұрт көңілінен шыға білсе, халық назарында жүрген мұндайлар бір қызметтен екінші бір қызметке ауысып, бара жатқандарында да қалың елі тілеулес болып, « Е, бәрекелді! Бұл жаңа қызметі де құтты болсын! Бұл қызмет те оның қолынан келеді!» деген сүйіншітерін кез келгеннің атына қарата айта бермейтіндіктері де бар. Ал халық тарапынан айтылып жатар осындай сөздерді Қожахмет Баймаханов әр қызметке жоғарылап жатқан сайын естумен келеміз. Қашан болсын өз ісін жауапты да, тиянақты, адал да атқарып келе жатқан, бүкпесіз ашық та жарқын мінезді, шындық пен сынды да орынды айтатын және онысын дәлелді етіп жеткізе білетін Қожахмет Мәдібайұлы қазірдің өзінде-ақ Сыр өңіріне ғана емес, республикаға танымал тұлғаға айналған жан.

2008 жылы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына сайланған Қожахмет Мәдібайұлы алғашқы кезден бастап-ақ өзін салиқалы саясаткер және халыққа жаны жақын депутат ретінде көрсете білді. Талқылауға түскен заң жобаларын қабылдауда өзінің ұтымды дәлелдерімен, өткір сөздерімен, орынды ойларымен танылып жүр. Кез келген Заң жобасының әр бабы мен нормасына, оның айқындаушы материалдарына жіті көңіл бөледі. Дәлелденген, өзі байыбына жеткен, өмірлік тәжірибесінен өткен істерді ғана қолға алады немесе дауыс береді.

Өзінің бір әңгімесінде сенатор Қожахмет Баймаханов «Биоотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Заң жобасына қарсы болдым. Осы заң жобасына жетекшілік жасау жөніндегі ұсыныстан да бас тартқанмын, – дегенді айтты. – Өйткені, менің бидай жөніндегі таным, түсінігім басқаша қалыптасты. Бидайды мен ас атасы нан деп қана білемін. Қарсылығым да осы түсініктен болды. Нан дегеніңіз – адамзат ұғымында киелі ас. Құранды аттап та нанды алуға болатын түсінік бала кезімізде санамызға әбден сіңгені бар. Маған астықтық дақылды отын жасау үшін пайдалану ақылға сыймайтын, тек оңай олжаға құныққандардың ойлап тапқан айласы секілді көрінді де тұрды...

Кей жағдайда Қожекеңнің үні қатқылдау да шығып, батырып айтып салары да бар. Мысалы, бюджеттің қаржысын өз әкесінің малындай жөн-жосықсыз шашатындарды сынап, атап айтқанда, Қызылорда облысындағы кейбір мектеп құрылыстарындағы жағдайды анық айтқанын, «асфальтта туып-өскендер шаруа жайын білмейді» деп айтқандары да афоризмге айналып кетті. Әйелдердің зейнет жасын ұлғайту туралы заң жобасы талқыланғанда Қожекең қатқыл айтты, бірақ шындықты айтты. «Әйелдер жалқау емес. Жоқ қой жұмыс. Ол жұмыс болмайды да. Кеше сіз айттыңыз «508 мың жұмыс орнын ашамыз деп. Елуден асқан әйелдерге жұмыс тауып береміз» деп. Қай жақтан бересіз, айналайын-ау! Жоқ қой жұмыс ауылда. 22 жылда таппаған жұмысты қалай тауып бермексің?! Мен совхоз басқарған адаммын. Білемін, оны ешкім таба алмайды. Жоқ жұмыс» деп айтқаны бүкіл елге жайылды. Халық Қожахмет Мәдібайұлын осындай табандылығы, батылдығы және шыншылдығы үшін де жақсы көреді және оны мақтан етеді.

Қожахмет Мәдібайұлының шығармашылық жұмыспен айналысатыны да бар. Қазақстан және оның халқы туралы тарихи шығармаларды сүйіп оқиды және жинап жүреді. Аңыз әңгімелерді де жақсы біледі. Өзінің оқығандарын басқаларға әңгімелеуге де шебер, мұндайда өзінің ой-пікірлерін де білдіріп отырады және онысы дәлелді де шығады. Баймахановтың Бұқарбай батыр туралы «Ертеде еңіреген бір ер өткен» және басқа да мақалаларын жұртшылықтың жылы қабылдағаны да болды. Осы арада бір атап өтерлік жайт сол, Бұқарбай батырдың 180 және 200 жылдық мерейтойларын атап өтудегі Қожахмет Баймахановтың еңбегі ұлан-ғайыр. Бұл туралы жалағаштық ардагер Қабыланбек Нұрмағанбетов 2010 жылғы 24 қараша күнгі «Сыр бойы» газетінде: «Қожахмет Баймаханов аруақты батырдың асын өткізудің әзірлігі кезінде намысты, жігерлі де жүректі ізденімпаз азамат екенін дәлелдеді. Ол аудан ауылдарында бірінші болып Бұқарбай батыр ауылына мешіт тұрғызды. Мешіт жобасын, қажетті жабдықтарының бірсыпырасын Самархан мен Бұхарадан алдырды. Ауыл көшелерін кеңейтіп, асфальтатты, су бұрқағын, жарық орнатты», – деп жазды.

Қожахмет Баймаханов өзінің бар саналы ғұмырын туған халқына адал қызмет етуге арнап келе жатыр. Кез келген істе өзіне де, өзгеге де қатал да орынды талап қоя білетін ол өз өмірінің мақсатты биігіне адал еңбегімен көтеріле білсе, адами асыл қасиеттерімен де жүрген-тұрған ортасының сыйлы төрінен де өз орнын алып жүр. Тәуелсіз еліміздің «Құрмет» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған сенатор Қожахмет Баймаханов аталық алпыс жастың да биігіне қалың елі алқалаған абыроймен жетіп отыр. Өз кіндігінен тараған ұл-қыздарымен, немере-жиендерімен тамырын тереңге жайған бәйтеректей болып ғұмыр кешіп келе жатқан Қожахмет Баймахановтың адами бағы әрдайым үстем бола берсін!

КӨНЕ ҚАЛАЛАР – КӨМБЕ ТАРИХ

ХАЛЫҚ ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА

# Тылсым сырлы Сауран

**Тылсым сырын ішіне бүгіп жатқан, тарихы тереңге тартқан, кезінде талай адам бақытын тапқан көне қалалардың бірі – Сауран қаласы. Ол Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1982 жылғы 26 қаңтардағы қаулысымен республикалық маңызы бар археологиялық ескерткіш ретінде есепке алынған.**

**Сауран қаласы Жаңақорған ауданы аумағында жатыр. Аудан орталығынан оңтүстікке қарай 60 шақырымдай жерде, Сырдарияның оң жағалауы мен темір жолдың батыс беткейінде. Өркеш-өркеш дуалдары опырыла құлағанымен, баяғы еңселі биіктігін аңғартқан ескі қаланың орны алыстан көз тартады, тарихы қызықтырады.**



«Бір кезде Сауран бекінісіне Шыңғыс ханның тас атқыш қарулары, Абдолла ханның Рухади ұста жасаған «Қара бура» бу қазаны қойдай-қойдай шойын тастарын лақтырса, бүгін жоңғар басқыншыларының швед унтер офицері Ренат пен қытай шеберлері құйған болат зеңбіректерінің қорғасын оқтары жауып тұр. Сонау алыс кезеңде осы бекініске тоқпақ жалды аласа жылқы мінген Жошының қанішер жауынгерлері сұр топырақты көкке көтеріп, «гу-гулеп!» атой салса, бүгін сол жылқының тұлпар тұяқты тұқымын мінген жоңғар жауынгерлері шабуылға шықты! Бәрінің де мақсаты біреу-ақ: шаһардың күлін көкке шығарып, халқын қырмақ, ұлын – құл, қызын күң етпек!...

Зеңбірек оқтары бекініс үстіне кеп, тынбай жарылып жатыр. Сыртқа шығарар емес...

Зеңбіректер кенет тына қалды. Қабырғаға басқыштарын сүйеп үлгірген жоңғарлар, енді құмырсқадай қаптап, жоғары қарай тырмысып, көтеріле берді. Сауран қорғаншылары ғажайып ерлік көрсетті. Жауға қарсы білтелі мылтық, шоқпар, сойыл, алдаспан, алмас қылыштарымен қатар, қара тас, қазан-ошақ, қолға түскен қатты заттың бәрі жұмсалды. Бірде-бірін қамал үстіне шығармады. Қорғаншылар ерлігіне шыдай алмаған жоңғарлар қамал түбіне көптеген өліктерін қалдырып, кейін қашты. Сонда ғана барып Бұқар жырау өзіне таяу қамал шетінде, кіндік тұсына жау найзасы қадалған Науан ұстаны көрді. Жүгіріп қасына барды. Найзасын сурып алайын деп еді, сұп-сұр боп кеткен ұста оның қолын кейін итерді.

– Тимей-ақ қой, – деді даусы әзер шығып, – бәрібір өлемін... Жоңғардың құрығанда жиырмасын жайраттым білем. Әттең дүние, әңгімеңізді тегіс ести алмай кеттім... – Соны айтты да, Науан ұста сылқ етіп құлап түсті.

Жоңғарлар сол күні де, келесі күні де осы тәсілмен сан рет шабуылға шықты. Бірақ бекіністі ала алмады. Ақыры күздің қара суығы басталған кезде, Сауранды тастап, Яссыға қайтуға мәжбүр болды. Бұқар жырау да осы оқиғаға арналған «Тас қамал» атты дастанын шығарып еліне қайтты». (Ілияс Есенберлин. Алматы. «Жазушы», 1986 ж, 6-том, 376-378 беттер).

Қазақтың белгілі қаламгері Ілияс Есенберлин өзінің «Көшпенділер» атты тарихи трилогиясында Сауран қаласының ғажайып бір ерлігін осылай суреттеп жазған болатын-ды. Бұл күндері сол ежелгі Сауран қаласының орны қаншама ғасырлар бойы сабалаған жаңбырдың асты мен уілдеген желдің, борап соққан боранның өтінде мүжілгенімен, әлі де жер бетінен тыптипыл болып құрып кетпей, ел қорғаған ерлігіміздің тұмарындай боп тұрған, сонау тұмарланған ғасырлар қойнауынан сыр тартып жатқан қорған.

Сауран қаласы жайлы алғашқы деректер Х ғасырдағы араб саяхатшыларының жазбаларында кездеседі. Демек, бұл қала бұдан көп жыл бұрын, тарихшылардың айтуынша, VI ғасырда пайда болғандығын аңғартады.

Х ғасырда өмір сүрген арабтың географ-ғалымы Максиди Әл-Мутаххар Тақр жиырма екі тараудан тұратын «Дүниенің басталуы мен тарихы» деген кітап жазған. Осы еңбегінде ол: «Сауран – бірінің сыртынан бірі 7 қабат дуалмен қоршалған үлкен қала, оның ішінде күмбез, сарай, мешіт бар», – дейді. Сондай-ақ қала ішінде теңселмелі 2 мұнарасы бар ғажап медресе де болған.

Ал сол заманның тарихшысы Рузбейхан Сауран туралы: «Бұл қала керемет сұлу және шексіз көңілді, ауасы өте таза, адам жанын көңілдендіріп, сергітеді. Маңайы құлпырған бау-бақша, әртүрлі ағаштар, қаланы айналдырып биік дуалдар қоршап тұр, ешқандай жау ала алмайды. Бұл қаланың топырағы білім мен ғылымның ордасы. Халқы ерекше білімқұмар, зерек және қонақжайлық олардың табиғатына әбден сіңген», - деп көрсетеді.

Қала сол айналасындағы жерлерден 2 метрден жоғары табиғи төбенің үстіне дәлдік есеп өлшемімен шебер соғылған.

Сол заманда Қаратау етегінен аққан өзендер Сырдарияға құйып жататын. Тасқын су мен өзен суы жайылымдарға тарап, көгерісі өте мол болған. Аруаналар ұсталып, биелер байланған. Сауран қаласы қымыз бен шұбаттың кеніне айналған. Сайрам, Отырар, Сауран арқылы солтүстікке қарай Ұлы Жібек керуен жолының өтуі қаланың өркендеуіне үлкен үлес қосқан. Қала сауда орталығына айналған. Сауран базарында Қытай жібегі мен Орта Азияның асыл бұйымдарын тиеген керуендер күндіз-түні үзілмейтін болған.

Сауранның маңайында жер өңдеу мәдениеті ертеден-ақ дамыған. Егіні суармалы болған. Сыр өзенінен үлкен каналдар қазылған. Қала тұрғындарын осындағы ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз етіп отырған. Тіпті, сыртқа да астық сатқан.

Сауран қаласы, сонымен қатар үлкен қорғаныс орны, бекініс қамалы болды. Қаланы биік дуалдармен қоршап, ол дуалды айналдыра тереңдігі 3 метрге дейін, ені 15-20 метр келетін ор қазып су жүргізіп қойған. Қалаға екі қақпа арқылы ғана кіретін болған.

Бас қақпасы қабырғаның солтүстік-шығыс бөлігіне, екінші қақпасы оңтүстік-шығыс бөлігіне орнатылған. Ал бұдан басқа шығыс жағындағы мұнараның ішінде қалаға кіріп-шығатын құпия есігі болған. Қаланың осы екі қақпасының алдындағы ор үстіне қорған қақпасына кіретін аспалы-жиналмалы көпір орнатқан. Бұл аспалы көпір сақтық үшін түнемеге жиналып қойылады екен.

Қала тұрғындары ауыз сумен Сырдариядан тартылған жерасты құбырлары арқылы қамтамасыз етілген. Бұл құбырдың ұзындығы 7 шақырымға жеткен. Қала ішіндегі қоймаларда азық-түлік пен ауыз судың мол сақтық қоры болған. Қару-жарақ, оқ-дәрі сақталған. Қорған қабырғаларының әр жерінде және биік мұнараларында сыртқы жауларға қарсы қару қойып, оқ ататын арнайы орындар жасалған. Зерттеуші Хафиз Тыныш: «Оның мықтылығы соншалық, оның мұнарасы мен дуалын бұзу ешкімнің де ойына келмеген», – деп жазды. Сауран қаласының орны солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа 800 метр, ал солтүстік-батыстан оңтүстік шығысқа 550 метрге дейін созылып жатыр. Қаланың айналасы екі жарым шақырымдық қисық төртбұрышты ормен қоршалған. Қорғанның құлап, шөккен қазіргі қалдықтары биіктігінің өзі 3 метрден 6 метрге дейін жетеді.

| 720 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331010005623 | ЖУМАХМЕТОВ ЖАНАХМЕТ БОТАБАЕВИЧ | 4,91205E+11 |
| 721 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017997642 | ЖУМАХМЕТОВ КЛЫШ ЖАНАХМЕТОВИЧ | 740919302125 |
| 722 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017780029 | ЖУМАШОВА КУЛПАТША | 5,41212E+11 |
| 723 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331012500383 | Жундабекова Нуржамал Абибуллаевна | 5,00128E+11 |
| 724 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 330510112518 | ЖУНИСОВ БАКЫТБЕК КОЖАГАЛИЕВИЧ | 6,30415E+11 |
| 725 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331017917930 | Жунисхожаев Жаксылык | 710313301157 |
| 726 | Қызылорда қаласы бойынша СБ | 3310 | 331018022770 | ЖУНУСБЕКОВ АСАНГАЛИ КУДАЙБЕРГЕНОВИЧ | 561103301630 |

(Басы №136-137, 140-141 сандарда)

(Жалғасы бар)

# «ҚазМұнайГаз»: БОЛАШАҚ БҮГІННЕН БАСТАЛАДЫ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ – көмірсутегін өндіруден, оларды тасымалдау және өңдеуден бастап арнаулы сервистік қызмет көрсеткенге дейін тікелей интеграцияланған мұнай-газ компаниясы.

Компаниялар тобының құрамына 243 компания енген, оның ішінде барлау және өндіруде –78 компания, көмірсутегін тасымалдауда – 47, мұнай өңдеу және маркетингте 66 компания бар. Бұдан басқа 52 компания қосымша сервистік қызмет көрсетеді.

Мұнайгаз секторында «ҚазМұнайГаздың» айтарлықтай үлесі бар: мұнай және газ конденсатын өндіру бойынша – 26,4 пайыз; мұнай өңдеу – 83,2 пайыз; құбыр арқылы мұнай тасымалы – 67 пайыз; құбыр арқылы табиғи газ тасымалы – 95,7 пайыз.

Компаниялар тобының жинақталған кірісі 3,1 триллион теңге құрады және ол 3,0 триллион көлеміндегі негізгі қызметтен түскен кіріс есебінен жиналды. Шығын 3,0 триллион теңге құрады, оның ішінде негізгі үлес өндірістің өзіндік құны – 2,1 триллион теңге (70 пайыз), өткеру шығындары 361 миллиард теңге (12 пайыз) есебінен келді. 2012 жылы жалпы 490 миллиард теңге күрделі қаржы игерілді. «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобының жинақталған қорытынды кірісі 2012 жылы 369,4 миллиард теңге құрады.

ҚМГ – еліміздегі ең ірі салық төлеушілердің бірі. Өткен жылы компания тарапынан республикалық және жергілікті бюджетке салық және басқа да төлемдер ретінде 599 миллиард теңге аударылды. Бұл 2011 жылмен салыстырғанда 11 пайыз артық. 2012 жылы Қазақстанның ішкі жалпы өнімінің 26,0 пайызын мұнай-газ секторы құрады, ал ҚМГ компаниялар тобының жинақталған түсімі 9,8 пайыз.

2012 жылы мұнай мен газ конденсатының жинақталған өндірілуі 21,4 миллион тонна құрады, бұл жоспардағыдан 2,4 пайыз (518 мың тонна) төмен. Мұндай жағдайға «Өзенмұнайгаз» бен ТШО бойынша жол берілді.

«Өзенмұнайгаз» 2011 жылы Өзен және Қарамандыбас кен орындарында жұмыстың уақытша тоқтауынан кейін бұрынғы қалыпты деңгейіне әлі жете алмай келеді. Төмендеуге жерасты жабдықтары жұмысының тұрақты болмауы, ұңғыларды жөндеу кезеңінің аздығы, тұрып қалған ұңғылар қорының көбеюі себеп болды.

Жағдайды түзеу үшін ҚМГ 2012 жылы жерасты жабдықтарының диагностикасы мен жөндеу жөніндегі цехтың, оңтайландыру бағдарламасы бойынша қатпарлық қысымды қолдап, ұңғыларды толтыру үшін сұйықтық әзірлейтін желі құрылысын бастап жіберді. Аталған нысандарды пайдалануға беру мұнай өндіру көлемін ұлғайтуға мүмкіндік берді. Үстіміздегі жылдың 22 сәуірінен тәуліктік жоспар асыра орындалуда.

2012 жылы ТШО-ның нақты өндірген мұнай көлемі жылдық жоспардағы 25,136 миллион тоннаның орнына 24,212 миллион тонна құрады немесе 96,3 пайыз. Жоспардың орындалмауына бірқатар сыртқы факторлар әсер етті. Оның ішінде жабдықтардың тұрып қалуы және Ресей аумағында теміржол желісінің жөнделуін айтуға болады.

Жоғарыдағы нысандарда жоспарлы алдын алу шараларын жүргізу нәтижесінде 2012 жылдың тамыз-қыркүйек айларында пайдалануға беру сенімділігі бойынша жағдай жақсарды, 2013 жылдың 1 тоқсаны қорытындысы бойынша ТШО-ның мұнай өндіру көлемі 107,4 пайыз құрады.

2008 жылы Теңізде Екінші Ұрпақ жобалары жүзеге асырылып, мұнай өндіру бойынша ТШО-ның өндірістік қуатын жылына 14 миллион тоннадан 26 миллион тоннаға дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді. Шикі газды қатпарға қайта айдау жылына 2,4 миллиард текше метрге жетті.

Теңіз жобасын одан әрі дамыту үшін ҚМГ және ТШО-ның өзге әріптестері сағалық қысымды басқару жобасын жүзеге асыру қажеттігін және Болашақ кеңею жоспарын қолдады. Осы жобаларды жүзеге асырған соң ТШО-ның мұнай өндіру көлемі жылына 38,6 миллион тоннаға жетеді. Қатпарлар қысымын қолдау үшін шикі газды қайыра айдау жылына 12 миллиард текше метр құрайтын болады.

Ұзақ мерзімді болашақта Технологиялық схема шеңберінде ҚМГ ТШО бастамасымен Теңіз кенішін игеруде еңіс бөліктегі суды сору және екінші нысанда ұңғыларды бұрғылауға бағытталған жобаларды жоспарлауға мұрындық болды. Бұл технологиялар тиімділігін қолдау үшін 2013-2019 жылдары тәжірибелік жұмыстар жүргізу жоспарлануда.

Олар табысты болған жағдайда осы Теңіз мұнай кенішінде, оның ішінде келісімшарттан кейінгі кезең ішінде (2033 жылдан кейін) мұнай өндірудің жоғары деңгейін ұстап тұруға мүмкіндік туатын болады.

2012 жылы маусым айында Қазақстанға Қарашығанақ жобасының 10 пайыз үлесін беру аяқталды. Бұл үлес «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 100 пайыз еншілес ұйымы болып табылатын «Өнімді бөлу бойынша соңғы келісімшартта үлесті басқару жөніндегі компания» ЖШС-ға берілді.

Қарашығанақтағы нақты өндірілген өнім көлемі былтыр газ бойынша 17,5 миллиард текше метр құрады. Оның 8,7 миллиард текше метрі қайта айдалатын газ. Сұйық көмірсутегі бойынша – 11 миллион тонна.

Қазіргі таңда Қарашығанақ жобасын одан әрі дамыту стратегиясы жасалуда. Жобаларды дамыту аясында газ өндіру көлемі айтарлықтай ұлғаяды деп күтілуде (40-46 миллиард текше метр). Газды қайта айдау 20-25 миллиард текше метрге жетеді. Сұйық көмірсутегі өндіру деңгейі жылына 11 миллион тонна көлемінде болады.

Қарашығанақты дамытудың түрлі нұсқалары 2013 жылдың соңына қарай қорларды қайта есептеу және техникалық-экономикалық негіздемелер аясында қарастырылып, әзірленеді. Қарашығанақты дамытудың түпкілікті нұсқасы 2014 жылдың соңына қарай кен орнының Технологиялық схемасын нақтылау кезінде бекіту үшін мемлекеттік органдарға беріледі.

2012 жылы мұнай өндірудің жалпы деңгейі Қашаған кен орнына сөзсіз ықпал етіп, оның 2013 жылы коммерциялық негізде мұнай өндіруге бастама жасауына негіз болды.

Көпке белгілі, 2008 жылы жобаға қатысушылардың барлығымен келіссөз жүргізіліп, соның нәтижесінде Солтүстік Каспий жобасындағы «ҚазМұнайГаз» үлесі 8,33 пайыздан 16,81 пайызға өсті.

2010-2011 жылдары ҚМГ-ның белсене қатысуымен Қашаған кен орнының жаңартылған геологиялық, геологиялық-гидродинамикалық нұсқасы әзірленді. Осы үлгінің негізінде 2012 жылы Қашаған кен орны бойынша қорларды қайта есептеу және техникалық-экономикалық негіздемелер бекітілді. Сондай-ақ, 2012 жылы Қаламқас-теңіз кен орны бойынша қор есебі жүргізіліп, бекітілді. Солтүстік Каспий жобасының кен орнындағы мұнай қоры 5 миллиард тонна құрайды. Оның 2,2 миллиард тоннасы алынатын қор.

Қазіргі таңда Қашағанның тәжірибелік-өндірістік жобасын бастауға өту бойынша тиісті шараларды жүзеге асыратын кез. Жедел сынап көру жұмыстары кезеңінде Қашағаннан өндірілетін мұнай көлемі жылына 13 миллион тоннаға жетеді. Солтүстік Каспий жобасының әріптестері мұнай өндіруді одан әрі ұлғайтуға бағытталған ЦК-01 және Миди 1 Стоп жобаларын қарастыруда. Егер мемлекеттік органдар аталған жобаны мақұлдаса, мұнай өндіру көлемі жылына 24 миллион тоннаға жетеді.

Теңіз, Қарашығанақ және Солтүстік Каспий жобалары қоры жағынан да, өндірістік көлемі жағынан да әлемдік деңгейдегі алпауыттар саналады. Мәселен, ТШО мұнайының геологиялық қоры 3,6 миллиард тоннадан астам деңгейде бағаланады, Қарашығанақ кен орнында – 1,2 миллиард тонна, Солтүстік Каспий жобасында – 5 миллиард тонна. Аталған үш ірі жоба бойынша алынатын мұнай қоры жалпы 4 миллиард тонна шамасында.

Болашақта Қазақстанда мұнай өндіру көлемін арттырудың перспективалық өсуі осы үш алпауытқа байланысты болмақ. ҚМГ үш жоба бойынша да әріптес саналады. Сол арқылы келісімшарт кезінде және келісімшарттан кейінгі кезеңде еңбек қауіпсіздігін сөзсіз сақтау және экологиялық талаптарды орындау негізінде олардың бұдан әрі тиімді дамуына ықпал ете бермек.

Еліміздің экономикалық дамуының қазіргі кезеңі республика экономикасын пайдалы қазбалардың қуатты ресурстық базасымен, оның ішінде сутегі шикізатымен қамтамасыз ету қажеттігін көрсетеді. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және жалпы еліміздің экономикалық жағдайы көп жағдайда барлаудың тиімділігімен, пайдалы қазбалар кеніштерін игерумен, минералды шикізаттарды өндіріп, одан әрі өңдеумен айқындалады.

Қазіргі таңда мұнай мен газдың ашылған кен орындарының көпшілігі жобалаудың пісіп-жетілген кезеңінде тұр. Ал жаңадан барланған кеніштердегі қор көлемі 20-30 жыл өткен соң да өндірудің қазіргі көлемін сақтауға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты ҚМГ тәуелсіздік алған кезден бастап бірінші рет 2009 жылы «Қазақстан Республикасындағы шөгінді бассейндерді кешенді зерттеу» жобасын қолға алды. Геологиялық қызмет мамандарының күшімен компания 3 жыл бойы ауқымды жұмыстар жүргізіп, жаңа нәтижелерге көз жеткізді. Қазақстандағы осындай 15 бассейннің бәрінде жаңартылған геологиялық құрылым моделі жасалды, перспективалық жаңа мұнай-газ аймақтары анықталды. Каспий ойпатын жоғары дәлдікті аэромагниттік суретке түсіру бұрынсоңды кеңестік кезеңде болған емес. Бұл ҚМГ-ның ҚР көмірсутегі шикізаты мемлекеттік резервін жасауға қосқан алғашқы үлесі болып табылады.

Компания Каспийдің оңтүстігінде ірі кен орнының ашылуын күтуде. Ол Ақтөбе-Астрахань аймағымен (Қошалақ-Тортай, Новобогатинск, Сарайшық, Айранкөл, Темір және басқалар) кей тұста жалғасып жатыр. 2011 жылы Биікжалдың солтүстік бетінде Шығыс-Оңтүстік Тасым өрімен жалғасып, 7100-7200 метр тереңдікте жатқан көмірсутегі ағыны осы құрылымды зерттеу қажеттігін көрсетеді. Оның перспективасы және болжанған нәтижесі өте жоғары.

Алдағы жылдан бастап ҚМГ Маңғыстау бассейні сатысындағы Өзен-Жетібай аумағында 4500-5700 метр тереңдікте жатқан кен көзі ашылады деп болжам жасап отыр.

Каспийдің Қазақстан аумағындағы бөлігінің жекелеген ірі Н блогы мен Ресей жағындағы Хвалынское, Центральное кен орындарын зерттеудің соңғы мәліметтері олардың болашағына біршама жаңа көзқараста келуге мүмкіндік беруде.

Оңтүстік Маңғыстау бассейні аумағы топырақтың жарылып кететін құрылымымен, палеозойлық қабаттың қаттылығымен ерекше байланысты. Самал-Сарыарқа триастық-палеозойлық кешен бойынша Н блогында қосымша құрылым бөлінді. Қазір осының бәрін бұрғылау мәселелерін ҚМГ қарастырып жатыр. Маңғыстаудағы және Үстірт-Бозашыдағы мұнай-газ әлеуеті әлі күнге дейін дәстүрлі зерттеулермен байланысты.

Сараптау және мәліметтерді қайта қорыту барысында тектоника, құрылымдық ерекшелік және мұнайгаздың болуы туралы ұғым айтарлықтай жаңарды. Мұндай талдау жұмыстары Арал, Сырдария, Шу бассейндерінде де жүргізілді. Жалпы мұнайгаздың болуы туралы болжамды бағалауда қолайлы жағдайды негіздеу және перспективалық нысандарды болжау нәтижесі бойынша талдау кеңейе түсті. Зерттеудің тереңдігіне маңыз берілді. Соған сәйкес болашақта неғұрлым ауқымды кен орындарының ашылу мүмкіндігі күтілуде.

Кешенді мәліметтер нәтижесі бойынша бассейндердің таралу контуры жаңарды. Бұл олардың шекарасын айқын белгілеуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, Үстірт-Бозашы бассейнінде оған Арал бассейнінің батыс тұсын қосу нәтижесінде ауқымының кеңдігі көрініс берді. Оңтүстік Торғай бассейнінің де аумағы кеңейді. Осы қорытындылардың бәрі ұсынылған жаңа мәліметтермен келістіріледі.

Аумақты аймақтық аудандарға бөлуге сәйкес геологиялық барлау жұмыстарын жолға қою үшін неғұрлым перспективалы жаңа сапалы болашақ активтер айқындалады.

2012 жылы ҚР Мұнай және газ министрлігіне Қансу, Жазғұрлы, Өріктау, Үстірт, Исатай және Абай жобалары бойынша тікелей келіссөздер жүргізу үшін 6 өтініш берілді. ҚМГ өзінің жеке күшімен іздестіру жұмыстарының жобаларын дайындап, пайдалы қазбаларды барлау және өндіру жөніндегі орталық комиссияда қорғап шықты. Мұндай ғылыми-тәжірибелік әдісті іздестіру-барлау зерттеулерін жандандыру үшін және сәйкес аумақтарды зерттеудің деңгейін арттыруда жергілікті нысандар мен $C_3$ санатындағы ресурстарын кезекті сапаға сай дайындаудағы күшті ынталандыру ретінде толығымен қарастыруға болады. Сонымен бір мезгілде, бұл, сөз жоқ, бұдан бұрын түрлі себептермен келешегі аз аудандарға жатқызылып келген үлкен аумақтардың олардың зерттелу деңгейінің артуына орай және жаңа көкжиектер есебінен инвестициялық тартымды болуына жағымды әсер етуі тиіс.

Биылғы жылдың өзінде Қансу кен орнындағы бұрын бұрғыланған ұңғыманы қайта іске қосу бойынша геологиялық барлау жұмыстарын тың күшпен бастау және Оңтүстік-Маңғыстау-Үстірт иіні жүйесі шегінде орналасқан Қансу учаскесіндегі бұрғылау үшін жаңа құрылымдарды дайындау, ҚазГӨЗ газ жүктемесін азайту және Маңғыстау облысын газбен қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ, алдын ала мәліметтер бойынша Қызылсай құрылымында 4800 метр тереңдіктегі іздестіру ұңғымасында озық бұрғылау жүргізуді триас жобалық шегінде жоспарлап отыр.

Кешенді-кеңкөлемді зерттеулер жүргізу, дау жоқ, бассейндердің зерделенуін бейнелейтін «базалық индикаторларды» жақсартуға, тұтастай алғанда, мұнай-газ келешегіне және саланың хал-ахуалына әсер етті және жағымды нәтиже берді.

Мәселен, соңғы үш жылда геологиялық барлау жұмыстарын жандандыру нәтижесінде жағымды жаңалықтар болып, Рожковская, Өріктау, Оңтүстік-Шығыс Тасым және Оңтүстік-Шығыс Новобогатинск (тұзды кешен) Каспий алабы алаңында жаңа кен орындарының ашылуына алып келді. Жұмыстарды одан әрі өрістету үшін кесімді оптимизм Каспий айдынындағы Н блогы аумағында Ракушечное теңізі мен Нұрсұлтан құрылымдарындағы бұрғылау нәтижелері бойынша алынды. Оңтүстік-Торғай алабында өнеркәсіптік айтарлықтай «керемет» сападағы карбонаттық құрамдағы (Қызылқия, Дощан, Кеңлік және басқалары) юр кезеңіне дейінгі шөгінділерде (жоғарғы палеозой) кен бары анықталды.

Екіншіден, жаңа учаскелерді геологиялық барлау және өңделген кен орындарын аяғына дейін барлау нәтижесінде жаңа қорлардың көлемі ұлғайды. Мәселен, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ нысандары бойынша геологиялық барлау жұмыстарының аясында Қайран, Қаламқас-Теңіз, Жемчужина, Лиман, IV Келісім блогы учаске/алаңдарында және Құмкөл, Ақшабұлақ, Теңіз, Қамысты ЮЗ, Жаңаталап, С.Нұржанов, Мақат кен орындарын барлауда 2008 жыл мен 2013 жыл аралығында алынатын мұнай қоры 77 млн. тоннаға ҚМГ үлесіне тиді.

Жақын кезеңнің өзінде ғана Сәтбаев (1 ұңғыма), Жамбыл (1 ұңғыма), Жемчужина (2 ұңғыма) және Н (1 ұңғыма) блоктарындағы 5 іздестіру және бағалау ұңғымаларын бұрғылау жоспарлануда. Ракушечный теңізіндегі ашық құрылымда «Н» блогы бойынша бағалау жұмыстарының одан арғы стратегиясы анықталу үстінде.

Құрғақта жобалық девон қабатындағы Өріктау алаңындағы терең ұңғымаларды бұрғылау жоспары бойынша және бұдан бұрын айтылғандай, жобалық палеозой қабатындағы Өзен алаңында және триас жобалық қабатындағы Қансуда бұрғылау көзделуде.

«ҚазМұнайГаз» стратегиялық серіктестерімен бірге белсенді жұмыстар жүргізуде. Қазіргі кезеңде CNPC компаниясымен Өріктау кен орнын бірлесіп игеру бойынша және ЭНИ компаниясымен Исатай блогын бірлесіп жүзеге асыру бойынша келіссөздер жалғасуда. 2012 жылы ҚР теңіздері мен құрлықта барлау мен өндіру саласында ықтимал ынтымақтастық мақсатында OMV, ЛУКОЙЛ, Пертамина, Петровьетнам, UnionField Group, Маерск компанияларымен өзара түсіністік жөніндегі меморандумға қол қойылды.

Сөз жоқ, Қазақстандағы жобалар халықаралық экспансиялар үшін негіз болып табылатын болады. Және бүгінгі күні ҚМГ Румыния аумағында геологиялық барлау жүргізуде. Өткен жылдардағы геологиялық барлау мәліметтері және жүргізілген сейсмикалық және гравиметрлік жұмыстардың негізінде компания Румыниядағы барлау блоктарының бірінде 5000 метр тереңдікке дейінгі барлау ұңғымасын бұрғылады.

Бұрғылау қорытындысы бойынша қуаттылығы 90 м дейінгі 3 келешегі зор пласт және қуаттылығы 100 м 1 пласт табылды. Қазіргі кезде каротаж жүргізу және ұңғымаларды сынау бойынша жұмыстар жүргізілуде және жақын уақытта ҚМГ сынақтың қорытындысы туралы ақпарат беретін болады.

Сондай-ақ, ағымдағы жылдың наурызында барлық қолда бар геологиялық барлау ақпараттарына талдау жасау негізінде Румыниядағы екінші барлау блогында барлау ұңғымасын бұрғылау басталды.

Орталық жобасы бойынша геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу аясында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «ОрталықКаспмұнайгаз» ЖШҚ арасында «Орталық Мұнайгаз Компаниясы» ЖШҚ БК құрылды.

Хвалынск, Центральное және Имашевск трансшекаралық кен орындарында кен қойнауын пайдалануға құқық алу бойынша ресейлік тараппен келіссөздер жүргізілуде, сондай-ақ, «Қазмұнайгаз» БӨ АҚ ЛУКОЙЛ-мен бірлесіп КСКМ–Оқжетпес, І-Р-2 және Жеңіс учаскесі аумағында теңіз блоктарының қуаттылығын зерделей бастады.

Ең бір қарапайым есеп пен болжам бойынша жақын жылдарда ұсынылған нысандарды іске қосу және егжей-тегжейлі зерделеу, іздестіру-барлау бұрғылауларын түрлі көлемдегі кен орындарын табуда жалпы қолда бар статистика есебінен енгізу 2022 жылға қарай компанияға алынатын қорды 1,4 млрд. тоннаға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

**Нұрлан ЗАҢҒАРҰЛЫ.**

*ЖОБА*

## Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы

«Өсімдіктер карантині туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңына, «Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің ұсынысына сәйкес облыс аумағында таралған карантиндік объектілердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою мақсатында Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақтар белгіленсін.

2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы», «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы» (келісім бойынша) мемлекеттік мекемелері осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р.С. Нұртаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі Қ.Көшербаев.**

КЕЛІСІЛДІ
«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің басшысы
_______________ Б. Нұртазаев
2013 жылғы «____»______________

Қызылорда облысы әкімдігінің
2013 жылғы «___» ________ № ___ қаулысына
қосымша

Қызылорда облысының аумағында карантиндік режим енгізілген карантиндік аймақтар

| р/с | Аудандар, қала атауы | Барлық залалданғаны, көлем гектар | Оның ішінде карантиндік объектілердің түрлері бойынша, гектар | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | жатаған у кекіре | арамсояу | калифорниялық қалқаншалы сымыр | қауын шыбыны |
| 1 | Арал ауданы | 5 | 4 | 1 | - | - |
| 2 | Қазалы ауданы | 167 | 2 | 52 | 31 | 82 |
| 3 | Қармақшы ауданы | 266,5 | 2,5 | 109 | 11 | 144 |
| 4 | Жалағаш ауданы | 334,05 | 20 | 87 | 17,05 | 210 |
| 5 | Сырдария ауданы | 382 | 7 | 100 | 21 | 254 |
| 6 | Шиелі ауданы | 945 | 90 | 135 | 10 | 710 |
| 7 | Жаңақорған ауданы | 1004 | 130 | 180 | 37 | 657 |
| 8 | Қызылорда қаласы | 48,25 | 8 | 12 | 10,25 | 18 |
| Барлығы | | 3151,8 | 263,5 | 676 | 137,3 2075 | |

*ЖОБА*

## Меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерін белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 50-бабының 5-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағы 13) тармақшасына және 27-бабының 1-тармағы 8) тармақшасына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШЕМІЗ:**

1. Қызылорда облысында жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері осы қаулы мен шешімнің қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің орынбасары Р.Нұртаевқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Облыс әкімі ____________Қ. Көшербаев.**

**Облыстық мәслихаттың сессия төрағасы ________________**

**Облыстық мәслихат хатшысы _______________ Б. Еламанов**

2013 жылғы « » ____________ № ____
Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысына және
2013 жылғы « » ____________ № ____
Қызылорда облыстық мәслихатының шешіміне қосымша

**Қызылорда облысында жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері**

| № | Әкімшілік аудандар (қала) атаулары | Жер көлемі, га |
|---|---|---|
| 1 | Арал | 50 |
| 2 | Қазалы | 50 |
| 3 | Қармақшы | 50 |
| 4 | Жалағаш | 25 |
| 5 | Сырдария | 30 |
| 6 | Шиелі | 20 |
| 7 | Жаңақорған | 30 |
| 8 | Қызылорда қаласы | 5 |

***Ескерту:** Жеке меншіктегі немесе жер пайдаланудағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін осы белгіленген ең аз мөлшерден төмен көлемдегі учаскелерге бөлуге жол берілмейді және ауыл шаруашылығы мақсатындағы суарылмайтын жер учаскелеріне қолданылады.*

# ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

Қармақшы ауданы әкімі аппараты бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды.

**Қармақшы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің сектор меңгерушісі, санаты Е-R-3 (индексі N 03-02) -1 (бір) бос орын.**

Қызмет өткерген жылдарына байланысты лауазымдық еңбек ақысы 74 313-24 теңгеден 99 938-50 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есептемегенде).

**Функционалдық міндеттері:**

Аудан көлемінде әлеуметтік нысандардың жылу беру маусымына дайындығына қадағалау жүргізу, жұмыстарын үйлестіру, аудан бойынша энергетика саласы бойынша атқарылып жатқан жұмыстардан туындайтын шараларды атқару, Коммуналдық және энергетика саласындағы қызметтерге, газ, электр және жылу қуаттарына төленетін қарыздардың есебін алу жөніндегі жұмыстарын үйлестіреді. Басшылықтың тапсырмасы бойынша бөлімнің басқа да жұмысын атқаруға қатысады.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар:**

1. Білімі: Жоғары техникалық, инженер- құрылысшы, инженер-гидротехник.

2. Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі бір жарым жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда үш жылдан кем емес жұмыс өтілінің бар болуы;

3) жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру үйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

4) ғылыми дәрежесінің бар болуы.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық зандарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс «Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысқысы келген азаматтар Қармақшы ауданы әкімі аппаратына келесі құжаттарды тапсырады:

1) өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен осы өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

**Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар** осы кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде Қармақшы ауданы әкімі аппаратында мына мекен-жайда әңгімелесуден өтеді: **120500 Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Қорқыт Ата көшесі №1 үй.**

Конкурстық комиссия отырысының қорытынды мәжілісі әңгімелесу жүргізілгеннен соң 2 (екі) жұмыс күн ішінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру соңғы жарияланған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні аралығында тиісінше мына мекен-жай бойынша тапсырылуы қажет. **120500 Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Қорқыт Ата көшесі №1 үй, кабинет №5, 2-қабат.**

Аталмыш лауазымға орналасқан азаматтар үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

13-бет

# ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

***

Қармақшы ауданы әкімі аппараты бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды.

**1. Қармақшы ауданы Жаңажол ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы, санаты E-G-4 (индексі №16-0-4) -1 (бір) бос орын.**

Қызмет өткерген жылдарына байланысты лауазымдық еңбек ақысы 48 047-36 теңгеден 64 703-77 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есептемегенде).

**Функционалдық міндеттері:**

Ауылдық округ әкімі аппаратында рәсімделетін барлық нормативтік- құқықтық актілер мен басқа да іс-қағаздар, құжаттардың тиісті Заң ереже нұсқаулық талаптарына сай рәсімделуіне бақылау орнатып, қамтамасыз ету. Ауылдық округі әкімінің шешімдерін, өкімдерін әзірлеу және бақылауға қою, нормативтік-құқықтық актілердің мониторингін жүргізу, нотариаттық іс-әрекеттер, медиаторлар жұмысын ұйымдастыру. Алқабилер жайлы мәліметтер тапсыру.

Ауылдық округ әкімінің азаматтарды жеке қабылдауын ұйымдастыру, жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен арыз-шағымдарды тіркеу, бақылауға қою, №1-ОЛ арнайы статистикалық есебін ай сайын тапсыру. Ауылдық округ әкімінің аппаратындағы құқықтық жұмыстарды жүргізу және аппараттық оқуды ұйымдастыру. Ауылдық округіндегі әскери міндеттілер мен әскери жасындағы азаматтарды тіркеу жұмыстарын жүргізу. Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтары мен Қазақстан Республикасы Заңдарының, Үкімет Қаулыларының, облыс, аудан әкімдерінің өкім, шешімдерінің, облыс және аудан әкімдігі қаулыларының орындалуын қамтамасыз ету.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар:**

Білімі жоғары немесе ортадан кейінгі заңгерлік, немесе мемлекеттік басқару немесе экономикалық немесе гуманитарлық, немесе техникалық, не орта техникалық немесе кәсіптік білім.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

**2. Қармақшы ауданы ІІІ Интернационал ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы, санаты E-G-4 (индексі №16-0-4) -1 (бір) бос орын.**

Қызмет өткерген жылдарына байланысты лауазымдық еңбек ақысы 48 047-36 теңгеден 64 703-77 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есептемегенде).

**Функционалдық міндеттері:**

Ауылдық округі әкімі аппаратының бухгалтериялық есеп жұмыстарын жүргізеді. Ауылдық округіндегі әскери міндеттілер мен әскери жасындағы азаматтарды тіркеу жұмыстарын жүргізу.Жастар саясатын іске асырады. Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтары мен Қазақстан Республикасы Заңдарының, Үкімет Қаулыларының, облыс, аудан әкімдерінің өкім, шешімдерінің, облыс және аудан әкімдігі Қаулыларының орындалуын қамтамасыз ету.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар:**

Білімі – жоғары немесе ортадан кейінгі экономикалық немесе заңгерлік, немесе педагогикалық, немесе гуманитарлық, немесе техникалық, немесе мемлекеттік басқару, не орта техникалық, немесе кәсіптік білім.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

12-бет

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

**3. Қармақшы ауданы Ақтөбе ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы, санаты E-G-4 (индексі №14-0-4) -1 (бір) бос орын.**

Қызмет өткерген жылдарына байланысты лауазымдық еңбек ақысы 48 047-36 теңгеден 64 703-77 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есептемегенде).

**Функционалдық міндеттері:**

Ауылдық округі әкімі аппаратында бухгалтериялық есеп жұмыстарын жүргізу. Бюджеттен бөлінетін қаржының жылдық жоспарын жасап, бекіттіріп жоспар бойынша ай сайынғы қаржының толық игерілуін қамтамасыз ету. «Мемлекеттік сатып алу» туралы заңның аясында жұмыс жасау. Аудандық қазынашылық басқармасына жіберілетін құжаттардың сапалы жазылуын қамтамасыз ету. Ай сайынғы, тоқсан сайынғы аудандық статистика, қаржы бөлімдеріне, қазынашылық, экономика және бюджеттік жоспарлау бөліміне берілетін есептерді уақытылы жолдау. Аппараттағы оргтехникалардың есебін алып отыру. Салық жұмыстарын бақылап отыру.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар:**

Білімі жоғары немесе ортадан кейінгі бухгалтерлік немесе қаржыгерлік, немесе мемлекеттік басқару, не орта техникалық, немесе кәсіптік білім.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

**4. Қармақшы ауданы Дауылкөл ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы, санаты E-G-4 (индексі №19-0-4) -1 (бір) бос орын.**

Қызмет өткерген жылдарына байланысты лауазымдық еңбек ақысы 48 047-36 теңгеден 64 703-77 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есептемегенде).

**Функционалдық міндеттері:**

Ауылдық әкімі аппаратының бухгалтериялық есеп жұмыстарын жүргізеді, салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді, ауылдық округтегі жер,мүлік,көлік салықтарын жинауды ұйымдастырады. «Мемлекеттік сатып алу» Заңы аясында жұмыстар ұйымдастырады. Кәсіпкерлікті дамыту жұмыстарын ұйымдастырады.

Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтары мен Қазақстан Республикасы Заңдарының, Үкімет Қаулыларының, облыс, аудан әкімдерінің өкім, шешімдерінің, облыс және аудан әкімдігі Қаулыларының орындалуын қамтамасыз ету.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар:**

Білімі жоғары немесе ортадан кейінгі есепші-қаржыгер, немесе экономикалық, заңгерлік, немесе гуманитарлық, немесе техникалық, немесе мемлекеттік басқару, не орта техникалық, немесе кәсіптік білім.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

**5. Қармақшы ауданы Көмекбаев ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы, санаты E-G-4 (индексі №19-0-4) -1 (бір) бос орын.**

Қызмет өткерген жылдарына байланысты лауазымдық еңбек ақысы 48 047-36 теңгеден 64 703-77 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есептемегенде).

**Функционалдық міндеттері:**

Ауылдық әкімі аппаратында рәсімделетін барлық нормативтік құқықтық актілер мен басқа да іс-қағаздар, құжаттардың тиісті Заң ереже нұсқаулық талаптарына сай жұмыс жасау. Ауылдық округі әкімінің штаттық кестесін, тоқсандық, жылдық қаржы жоспарларын әзірлеу. Түрлі бухгалтерлік (баланстар, есептер, анықтамалар) жылдық, тоқсандық есептер, статистикалық есептерді уақытылы тапсыру. Бас кітап, айналым тізімдемесі, кассалық кітаптар, еңбекақы есептеу кітабының дұрыс жүргізілуін және кітаптың сақталуын қамтамасыз ету. Негізгі құралдарды, мүліктерді ғимараттар мен құрылыстарды, материалдық құндылықтарды түгендеу туралы құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету. Жеке тұлғалардың міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік төлемдерді аудару тізімдерінің, еңбекке жарамсыздық парағының сақталуын қадағалау. Жер, мүлік, көлік салықтары туралы (есептері, түбіртектер, реестрлер) құжаттар, ауылдық округтегі салық төлеушілер тізімі, салық комитетінен келіп түскен хаттар, нұсқаулықтардың орындалуын қамтамасыз ету. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бойынша төленетін әлеуметтік жәрдемақылар тағайындау. Кәсіпкерлікті дамыту жұмыстарын ұйымдастырады.

Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтары мен Қазақстан Республикасы Заңдарының, Үкімет Қаулыларының, облыс, аудан әкімдерінің өкім, шешімдерінің, облыс және аудан әкімдігі Қаулыларының орындалуын қамтамасыз ету.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар:**

Білімі жоғары немесе ортадан кейінгі экономикалық немесе заңгерлік, немесе педагогикалық, немесе гуманитарлық, немесе бухгалтерлік, немесе мемлекеттік басқару, не орта техникалық, немесе кәсіптік білім.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс «Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысқысы келген азаматтар Қармақшы ауданы әкімі аппаратына келесі құжаттарды тапсырады:

1) өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен осы өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

**Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар** осы кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде Қармақшы ауданы әкімі аппаратында мына мекен-жайда әңгімелесуден өтеді: **120500 Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Қорқыт Ата көшесі №1 үй.**

Конкурстық комиссия отырысының қорытынды мәжілісі әңгімелесу жүргізілгеннен соң 2 (екі) жұмыс күн ішінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру соңғы жарияланған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні аралығында тиісінше мына мекен-жай бойынша тапсырылуы қажет. **120500 Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Т.Рысқұлов көшесі №2А үй, кабинет №19, 1-қабат.**

Аталмыш лауазымдарға орналасқан азаматтар үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

**Қармақшы ауданы әкімі аппаратының конкурстық комиссиясы.**

# ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

Қызылорда облысының білім басқармасы (Қызылорда қаласы Әйтеке би көшесі № 2 үй, эл. пошта bilimkz, Веб сайт www.bilim-orda.kz) «Аймақтық дене тәрбиесі орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны директоры бос лауазымына орналасуға ашық конкурс жариялайды:

Мекеменің атауы: *Қызылорда облысы, «Аймақтық дене тәрбиесі орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын.*

Мекен-жайы: 120100. Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 2 үй.

**Біліктілікке қойылатын талаптар:** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 18 қарашадағы №1353 қаулысымен белгіленеді.

**Білуге міндетті:** Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» және «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңдарын, «Спорт және дене шынықтыру» Заңы және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді; педагогика мен психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын; педагогиканы, педагогикалық психологияны, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін; қаржы-шаруашылық қызмет туралы заңнамаларды; Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, еңбек туралы заңнама негіздерін, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғанудың ережелері мен нормаларын; санитарлық ережелер мен нормаларды.

**Лауазымдық міндеттері:** Орталық туралы жарғыға және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес орталық қызметінің барлық бағыттарына басшылық жасайды. Орталықтың басқару құрылымын, штаттық кестесін анықтайды және бекітеді.

Қызылорда облысының білім беру мекемелерінің дене шынықтырудың теориясы және тәсілі бойынша ғылыми лаборатория құру мақсатында спортшылар мен оқушыларды ғылыми және оқу-әдістемелік қамсыздандыруға қатысу, облыста, Қазақстан Республикасында және шет елдерде ұйымдастырылған арнайы оқу-жаттығу жиындарын өткізу, жаттықтырушыларды, нұсқаушыларды және спортшыларды дайындау бойынша курстар өткізу, балалар мен жастардың дене тәрбиесі бойынша мақсатты кешенді бағдарламаларды әзірлеу, спорттық резервтерді дайындауға және спорт түрлері бойынша жастар және студенттер құрама командаларын іріктеуге қатысу, спорт түрлері бойынша жастар және студенттер құрама командалар мүшелеріне педагогикалық, психологиялық және дәрігерлік-қалпына келтіру көмектерін көрсету, меншік нысанына және тиісті ведомстволық бағыныстылығына қарамастан колледждерге, жалпы білім беру спорт мектептеріне тәжірибелік көмектер көрсету, спорт әдіскерлерінің жұмысына және тұрғылықты жері бойынша салауатты өмір салтын қалыптастыруға көмектесу, облыстағы балалар мен жастардың дене тәрбиесінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын өткізу, облыстағы оқу орындарында спортшылардың спорттық дайындығы, балалар мен жастардың дене тәрбиесі саласында қажетті ғылыми-зерттеу әдебиеттермен, бағдарламалармен, оқу құралдармен қамтамасыз ету, облыстық, республикалық, сонымен қатар, мектеп оқушылары мен студент жастар арасында кешенді спорт жарыстарын дайындау мен өткізуге жұмыстар жүргізу, спорт түрлері бойынша облыс құрама командаларының студенттер Универсиадасы мен мектеп оқушыларының Спартакиадасына дайындауға жұмыстар жүргізу және осы іс-шараларды жүзеге асыру, дене тәрбиесі бойынша педагог кадрлардың, жаттықтырушы-оқытушылардың спорт түрлері бойынша алдыңғы қатарлы отандық және шет елдік жұмыс тәжірибелеріне талдау жасап, қолданысқа енгізу, мамандардың облыстағы, Қазақстан Республикасындағы, сондай-ақ одан шет жерлердегі тағылымдамасын қоса алғанда, дене тәрбиесі бойынша педагог кадрлардың, жаттықтырушы-оқытушылардың біліктілігін қайта дайындау және көтеру жұмыстарын ұйымдастыру және жүзеге асыру болып табылады.

Орталықтың стратегиясын, даму мақсаты пен міндетін анықтайды, орталықтың даму бағдарламасын, орталықтың бейініне сәйкес балалармен жұмыс істеу жөніндегі білім беру бағдарламасын, жарғысы мен ішкі тәртіп ережелерін, басқа да нормативтік актілер мен әдістемелік құжаттарды әзірлеуді, бекітуді және оның орындалуын ұйымдастырады. Бюджеттен бөлінген ақшаны және басқа да көздерден түсетін қаражаттарды орынды пайдалануды қамтамасыз етеді. Заңнамада белгіленген шекте орталықтың мүліктері мен құралдарына өкім жүргізеді. Оқу-материалдық базаны есепке алуды, олардың сақталуы мен толығуын қамтамасыз етеді.

Орталықтың бейініне сәйкес республикадағы өңірлік ұйымдар желісінің дамуына ықпал етеді. Республикадағы және шетелдердегі қоғамдық ұйымдармен (қауымдастықтармен, кеңестермен, т.б) өзара әрекетті ұйымдастырады.

Ғылыми-педагогикалық және тәрбие процесін қажетті деңгейде қамтамасыз ететін кадрларды іріктеуді және орналастыруды жүзеге асырады. Қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін анықтайды, олардың кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдайлар жасайды. Қызметкерлердің шығармашылық бастамаларын ынталандырады және көтермелейді.

Орталықтың оқу әдістемесі кеңесінің жұмысына басшылық жасайды. Қажетті есеп беруді әзірлеп, ұсынуды қамтамасыз етеді.

Конкурс Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына және Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 18 қарашадағы №1353 Қаулысына сәйкес өткізіледі.

Кәсіпорын басшысының қызметіне кандидатураларды іріктеу кезінде қойылатын негізгі талаптар мыналар болып табылады:

1) қажетті бейіні бойынша жоғары білімінің және тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) бекіткен біліктілік талаптарына сәйкес келетін кәсіби даярлық деңгейінің болуы;

2) мамандығы бойынша экономика саласы кәсіпорнының бейініне сәйкес басшы лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы.

5. Конкурсқа мынадай тұлға қатыса алмайды:

1) он сегіз жасқа толмаған;

2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар.

